

Костанайский государственный педагогический институт
Психолого-педагогический факультет
Кафедра психологии

Назмутдинов Р.А., Каирова Б.К.

Студент жастардың коррупцияға қарсы позициясын
қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектісі

Оқу-әдістемелік құралы



Костанай2016

ӘОЖ 159.9: (075)
ҚБЖ88.4я 7
Н 17

Авторлары:

Назмутдинов Ризабек Агзамович, психолог.ғ.канд., доцент;
Каирова Бекбаян Кусаиновна, аға оқытушы;

Пікір жазғандар:

Дубинин Сергей Николаевич, психология ғ.д., профессор З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті гуманитарлық ғылымдар кафедрасы

Демисенова Шнар Сапаровна, п.ғ.к., аға оқытушы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, психология кафедрасы

Назмутдинов Р.А., Каирова Б.К.

Н-17. Студент жастардың коррупцияға қарсы позициясын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектісі: оқу-әдістемелік құралы/Р.А. Назмутдинов, Б.К. Каирова. –Қостанай: КМПИ, 2016. – 133 с.

ISBN-978-601-7839-55-0

Әдістемелік құралда жастардың моралдық-этикалық принциптері мен ішкі тұлғалық мәдениетін нығайтуға арналған теориялық-практикалық материалдар қарастырылған. Өскелең жас ұрпақтың коррупция (жемқорлық) сияқты әлеуметтік қауіпті құбылысқа қарсы тұрып, тәуелсіз еліміздің азаматтарының құқықтық құндылықтары мен мәдениетін байыту көзделген.

Әдістемелік құрал педагогикалық мамандықта оқитын студенттерге, соның ішінде «5В010300-Педагогика және психология», «5В050300-Психология», мамандықтарына және мектеп психологтарына, кураторларға, оқытушыларға, жастар тәрбиесімен айналысатын мамандарға арналған.

ӘОЖ 159.9: (075)

ҚБЖ88.4я 7

ISBN-978-601-7839-55-0

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алағанан бері құқықтық-азаматтық мемлекет құру үстінде. Осы уақыттан бері еліміздің жеткен жетістіктері, алған асулары көп болғанымен өкінішке орай кейбір жағымсыз құбылыстардың да орын алып отырғаны тарихи шындық. Сондай келеңсіз құбылыстардың қатарына ересек адамдар мен жастар арасында қоғамға қауіпті әрекеттерге бару, адамзатқа қарсы қылмыстық әрекеттер жасау жыл сайын өсіп келеді. Осындай қылмыстардың қатарына сыбайластық жемқорлық мәселесін айтуға болады. Бұл келеңсіз әлеуметтік-құқықтық құбылыспен елімізде белсенді күрес жүргізіліп жатса да, оның тамырына балта шабу оңай емес екенін анық байқатып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық әрекет ретінде кең ауқымда таралуына себеп болып отырған - мемлекеттік қызметтегі азаматтар мен жастардың құқықтық мәдениеті мен патриоттық сезімдірінің төмендігі. Тұлғалардың құқықтық мәдениеті құқықтық әлеуметтену үрдісінде дамып қалыптасады. Құқықтық әлеуметтенудің маңызды механизмі тұлғалардың құқықтық санасының қалыптасуы болып табылады. Құқықтық сана стихиялы және мақсатқа бағыттала жүргізілген отбасылық тәрбие мен оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесінде қалыптасады. Қалыптасқан құқықтық сананы тұлғаның құқықтық мәдениетінен, яғни оның қоғамдық ортада бекітілген заңдылықтар мен құқықтық-әлеуметтік нормалар негізінде өз мінез-құлқын реттеу, нормаларды құрметтеу сезімдерінен көрінеді. Олай болса, құқықтық сана, құқықтық мәдениет құқықтық нормаларға, Конституцияға қатысты тұлғаның құрметтеу сезімі негізінде мінез-құлқын, әрекеттерін, көңіл-күйін бақылау және реттеу болып табылады.

Құқықтық сана-сезімдер, көңіл-күйлер отбасының, білім беру жүйесінің, әлеуметтік ортаның тікелей ықпалы негізінде қалыптасып, кейін тұлғаның белсенді қоғамға пайдалы еңбек әрекеттері негізінде байып, толығып отырады. Осыған байланысты орта мектептерде, жоғарғы оқу орындарында «Құқық негіздері» пәндері және оқу-тәрбие жұмысына құқықтық тәрбие іс-шаралары енгізіледі. Дегенмен, бұл іс-шаралардың беретін нәтижесі ойдағыдай болмағандықтан ҚР қаржы полициясының ақпараттық-аналитикалық департаментінің бастығы Олжас Бектенов ҚР Білім және Ғылым министрлігіне білім бері жүйесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру курсы енгізуді ұсынған. Қаржы полиция агентствасы сыбайлас жемқорлыққа байланысты туындайтын себептерді, жағдаяттардың бетін ашып, дер кезінде әрекеттер жасап, болдырмаудың барлық жолдарын қолданады. Осы агентство Қазақстанның студенттер Ассоциациясымен, жастар Конгрессімен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресу үшін меморандумға қол қойған. Олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресе отырып, осындай қылмысқа барған адамдарды жазаға тарту жағына баса назар аударады. О.Бектенов құқық бұзушылыққа жүйелі түрде қоғамның барлық сферасы бірігіп жұмыс істегенде

ғана жеңуге болады деп есептейді. Гонконг, Сингапур және т.б. мемлекеттің тәжірибелерін қолдана отырып, сыбайлас жемқорлықты жеңу жолдарын алға тартады [1].

Бұл мәселемен күресте нәтижелі көмек беретін білім беру жүйесі деп есептейді көптеген ғалым крминологтар-психологтар. Олардың ойынша қазіргі кезде мектептерде тәрбие жұмысы өз міндетін толық атқармайды. Тәрбие теориясы мен практикасына қайта оралып, тарихтан белгілі А.С.Макаренконың, В.А.Сухомлинскийдің, Я.Корчактың тәжірибелерін тәрбие жұмыстарына енгізудің маңызы зор деп есептейді ғалымдар. Сонымен бірге, отбасы тәрбиесіне де үлкен көңіл бөлу қажет. Өйткені баланың құқықтық сананың қалыптасуына бірден бір ықпал ететін агенттер - ата-аналар. Құқықтық сана тұлғаның жас ерекшелігіне қарай сапалы өзгеріп, адамның өмір тәжірибесіне сәйкес толығып, байып отырады. Құқықтық сана-сезім құқықтық мағынадағы білімдер жүйесі, оны жағымды эмоционалды қабылдау және күнделікті өмірде қолдану негізінде қоғамдық ортадағы құқықтық нормалар мен құндылықтарды адекватты қабылдап, солардың негізінде мінез-құлқын реттейді, оларды сыйлайды және ешқашан бұзбауға тырысады. Сондықтан да қазіргі кезде құқықтық мәдениеті жоғары, білімді жастар тәрбиелеу және қалыптастыру кезек күттірмейтін мемлекеттік маңызды шаралардың қатарында тұр. Жастардың құқықтық мәдениетін көтеру ісінде - ең алдымен құқықтық санасының қалыптасуы мен оған ықпал ететін қозғаушы күштердің рөлін анықтап, сол мәселелер төңірегінде маңызды іс-шараларды жүйелі ұйымдастыруға баса назар аудару қажет. Қоғамдық өмірдегі рухани бастауларды зерделеп, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда салт-дәстүрдің тигізетін ықпалын, оның адами құндылықтарын, бағыт-бағдарын басшылыққа алу керек.

Құқықтық білімнің негізі мектепте салынады, сондықтан да құқықтық тәрбие тек жалаң сөз арқылы емес, баланың санасының қабылдау мүмкіндігіне байланысты әр түрлі үйірмелер, клубтар, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарды негізінде іске асуы қажет. Ао ЖОО келген жастардың құқықтықмәдениетті кәсіптік-теориялық білімдерімен қатар әртүрлі ғылыми-жобалар, студенттің өзіндік жұмыстары, диспуттар, ғылыми конференциялар т.б. формаларды қолдана отырып жүргізудің маңызы зор.

Адамның жалпы мәдениеті мен оның құқықтық мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар. Құқықтық мәдениет жалпы адамзаттың рухани мәдениет мазмұнына енеді, бірақ өзіндік ерекшеліктерін сақтайды. Сондықтан да құқықтық тәрбиені жалпы рухани-адамгершілік тәрбиесімен сабақтастықта жүргізілуін басшылыққа алынуы қажет.

1 ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕЛУІ

Жемқорлық мәселесі мемлекеттік маңызды мәселе болып табылады. Елімізде әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу барысында кездестіріп отырған қиыншылықтардың басты себебі - сыбайлас жемқорлық. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында үнемі жұмыс істеп, ахуалды жақсартып келеміз, дегенмен, кейбір азаматтардың табысты жасыру, қаржы мен мүлікті шетелге шығару, салық төлеуден жалтару арқылы көлеңкелі экономика жасап халықтық бюджетті ысырапқа салуда. Сөзден іске көшетін уақыт жетті, сыбайлас жемқорлықпен ашық күресетін кез келді» - деді өзінің халыққа Жолдауында [2].

«Жемқорлық» ұғымы ғылыми әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық түсінігімен қатар қарастырылады. Профессор А.Н.Ағыбаев жемқорлық тек бір адамның пара алуымен жасалынатын қылмыс емес, қылмыстық кодекс бойынша параны алған адамда, оны берген адамда заң алдында жауап береді, өйткені екі адамның арасындағы ортақ қылмыстық мәмлеге келіп, мақсатты түрде жасалынатын қылмыс болып табылады. Сондықтанда сыбайлас жемқорлық деп аталып, әлеуметтік-құқылық құбылыс ретінде екі жақты мәнде қарастырылады. Біріншіден, мемлекеттік қызметтегі тұлғаның өз міндетінің ерекше мәртебесін заңсыз түрде бас пайдасы үшін «сататынын» білдірсе, екіншіден, - мүдделі тұлға лауазымды қызметтегі тұлғаға пара беру арқылы оны «сатып алғанын» білдіреді. Сол арқылы заңсыз түрде өзінің материалдық, тұлғалық қажеттілігін жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлықтың осы екі мәні бірі-бірімен өзара тығыз байланысты және осы екеуінің сыбайластық әрекетінің негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін қылмыстық әрекет ретінде жауапқа тартылады.

Ғылыми әдебиеттерде жемқорлық мәселесі «сыбайлас жемқорлық», «пара алу», «кәсіби қызметін пайдалану арқылы заңсыз пайда табу», «мемлекеттік қызмет бабын пайда көзі ету» т.б. қылмыстық әрекет ретінде анықталады.

«Жемқорлық» этимологиялық мағынасына қарай «*corruptio*» деген латын сөзінің «параға сатып алу», «пара беру» деген түсінік ретінде криминалистика ғылымының төл категориясына айналды. Рим құқығында «*corruptio*» түсінігі «сіндыру, бұзу, зақымдау, параға сатып алу» деген мағына беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдіреді.

Ғылыми әдебиеттерде: «Сыбайлас жемқорлық — (лат. тілінен аударғанда «*corruptio*» — пара беріп сатып алу, құқық бұзу, құлдырау, заңға қайшы келу деген мағынаны білдіреді) мемлекеттік қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды пара беріп сатып алу, олар қолындағы кәсібіне сәйкес берілген билікті, қызмет бабын жеке басын байыту, өз мақсатына пайдалану» арқылы еліне сатқындық жасап, отандастарының жеке бас құқығын заңды мүдделерін бұзу арқылы қылмыстық әрекеттерге барады. Олай болса, сыбайлас

жемқорлық — бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмыстық әрекеті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол беретін мемлекеттік қызметкерлер үш топқа бөлінеді:

- Лауазымды тұлғалар;
- Жауапты мемлекеттік қызмет орында отырған тұлғалар;
- Лауазымды тұлғаларды сатып алушы тұлғалар.

Лауазымды тұлғаға - мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, ҚР Қарулы Күштер жүйесінде, ішкі істер жүйесінде және әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқарушы тұлғалар кіреді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекет ретінде лауазымды адамға пара беру және оны алу (талап ету) болып табылады. Пара алу көбіне қолында билігі бар, шешім шығаруға өкілетті қызметкерлер айналысып отыр. Қазақстан Республикасы Прокуратурасының статистикасы бойынша тек өкімет органдарында отырған шенеуліктер ғана емес, сонымен қатар, кіші деңгейлі жетекші қызметте тұрған тұлғаларда осындай қылмыстық әрекеттерге баратыны анықтаған, мысалы білім беру жүйесіндегі мектеп директорлары мен мұғалімдері осындай қылмыстық әрекеттері бойынша 6 орында тұрғанын мәлімдеген. Олай болса, әркім өзінің қызметін табыс көзіне айналдыра алады деген сөз. Ондай мектеп, мұғалім өскелең ұрпаққа қандай тәрбие береді. Оны көріп өскен бала, олда ертең өзінің қызметін пайдаланып, ар-ожданын сатпасына кім кепілдік бере алады. Ал ондай қылмыстық әрекетке бара алмаған азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасалынады. Сондықтан пара берудің, пара алудың түпкі себептерін анықтап, қоғам болып белсенділік таныту, онымен күресу қажет. Сондықтан да пара беру де, пара алу да қылмыс ретінде әшкереленіп, жастардың қоғамдық-құқықтық санасын қалыптастыру арқылы жүзеге асыру қажеттігі бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселеге [3].

Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттеген ғалымдардың бірі Б.А.Амрекулов қызмет бабын асыра сілтеу, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған мемлекеттік мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, пара берушінің пайдасына орай жалған қорытынды шығару, тендер мәселесін көп пара төлегеннің пайдасына шешу, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау т. б. түрлерін қарастырған. Құрамы жағынан күрделі, көптеген қылмыстық әрекеттерді біріктіретін жемқорлық мәселесі қазіргі кезде жастардың қоғамдық-құқықтық сананың бұзылуына әкеліп отыр. Автордың пікірінше сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық мәдениетті көтеру қажет. Әр бір азамат өздерінің құқықтарын қорғай білу және құқыққа қарсы жасалған іс-әрекет жағдайда қайдан көмек алу жолдарын нақты білулері қажет. Конституциялық

тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір азаматтың отанына деген сүйіспеншілігін, оның болашағына деген жауапкершілігін байқатады [4, 126].

Сыбайлас жемқорлық қылмысының көбеюі қоғамның моральдық-саяси дамуына кедергі келтіріп, әлеуметтік-психологиялық қайшылықтарды тудырады, жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік жаңару үрдістеріне негативтік көзқарастардың пайда болуына негіз береді. Сондықтан Қазақстан Республикасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу туралы» 1998 ж. 2 шілдеде (өзгертулермен және толықтырулармен 1999 ж. шілдеде, 2000 ж. 28 сәуірде, 2001 ж. 9 тамызда) заң қабылданған [5].

Бұл заңның мақсаты – Қазақстанның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық мүдделерін қанағаттандыру, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылыққа жол бермеу, оны тоқтату және алдын алу арқылы мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Негізінен сыбайлас жемқорлықтың кең ауқымды өршуін көптеген ғалымдар (А.И. Долгова, К.Е. Игошев, Н.Ф. Кузнецова, С.Я. Лебедев, А.Н. Ағыбаев, М.Б. Құбайбергенов, Р. Вагапов т.б.) рухани-адамгершілік құндылықтардың бағасыздануы нәтижесінде бой көтере бастағанын алға тартады. Соған байланысты авторлар кейбір мемлекеттік қызметкерлердің құқық бұзушылық, сыбайлас жемқорлықпен айналысуының негізгі себептерін атап көрсеткен:

1. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениетінің төмендігі;
2. Мемлекеттік қызметке мамандарды таңдауға, іріктеуге немқұрайлық таныту, таныстық, тамырлық, туыстыққа жол берілуі;
3. Құқық бұзушылыққа жол беру, қызметтік тәртіп қатаң сақталмау;
4. Кейбір мемлекеттік қызметкерлердің мемлекет мүддесінен гөрі өзінің жеке мүддесін жоғары қоюы;
5. Кейбір мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын қатаң қадағаламау, орын алған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шара қолданбау;
6. Қызмет бабы шапшаң өсетін басшылардың азаматтық позициясы, патриоттық жауапкершілігінің төмендігі;
7. Мемлекеттік қызметтегілердің интеллектуалдық деңгейі мен азаматтық позициясының төмендігі [6].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекет ретінде әлеуметтік-экономикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің абыройы, мәртебесі үшін, өскелең ұрпаққа тигізер теріс ықпалымен де өте қауіпті. Сыбайлас жемқорлыққа қылмыстық әрекет ретінде криминалист ғалымдар төмендегідей бірнеше анықтамалар берген мысалы Н.Ф. Кузнецова «сыбайлас жемқорлық - әлеуметтік көлеңкелі құбылыс деп көрсетіп, оның бір тұлғаны екінші бір тұлғаның сатып

алуы» деген анықтама берген [7]. Профессор А.И. Долгова осы пікірді қолдай отырып, «сыбайлас жемқорлық мемлекеттік немесе басқада әлеуметтік статусы бар қызметкерлердің жеке басының пайдасы үшін ресми қызметтік мүмкіндіктері мен беделдерін сату немесе сол үшін сатылу» деп атап көрсеткен [8]. С.Я. Лебедев коррупцияны шенеуніктердің өз қызмет бабын жеке пайдасы үшін қолдануға негізделген басқару аппаратының іріп – шіруі деген анықтама береді. Бұл жағдайда «сог» (дене) сөзін негізге алып коррупция деген сөзге латын тілінен сөзбе сөз аударғанда дененің іруі, іріп – шіру процесі деген мағынаны береді [9]. Осы мәселені түбегейлі зерттеп жүрген профессор В.В. Волженкин «сыбайлас жемқорлық дегеніміз – әлеуметтік құбылыс болып табылатын, биліктің іріп – шіруі, мемлекеттік қызметті атқаруға өкілетті адамдардың өз қызмет бабын, қызмет статусы мен беделін жеке басының баюы мақсатында немесе топтық мүдде үшін пайдалануы» деп анықтама берді [10].

Сонымен, сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекет ретінде өзінің қызметін пайдаланып заңсыз өзіне тәуелді адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін өрескел бұзып, еліміздің Конституциясына қарама-қарсы әрекет ететін тұлғалардың қылмыстық іс-әрекеттері.

Жоғарыда келтірілген себептерді талдай отырып, сыбайлас жемқорлықтан құтылудың жолы азаматтардың құқықтық сауатсыздығын жойып, азаматтық-патриоттық сезімді көтеру қажеттігі туындайды. Әрбір адам өзінің құқықтарын білсе, өздеріне қарсы қандай да бір құқық бұзушылық әрекет жасалған жағдайда тойтарыс бере алатындай құқықтық мәдениеті болса құқық бұзушылық мәселесі шешілер еді.

Сыбайлас жемқорлықпен басқа мемлекеттерде күресуде және олардың жақсы нәтижелері үлгі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресуде қолға алынуда. Ондай елдердің қатарына Дания, Финляндия, Швеция, Канада, Норвегия, Швейцария, Австралия, Сингапур, Люксембург, Ирландия, Германия, Ұлыбритания, Израиль, АҚШ, Австрия, Исландия, Жапонияны жатқызуға болады. Мысалы Сингапур мен Гонгконгте қылмытың алдын алу принципі бойынша әрекет етеді және сыбайлас жемқорлық бойынша айыпталушыға кінәсідік презумциясының принципі қолданылмайды, ол өзінің кіріс көздерін түсіндіруге міндетті. Германия мен Францияда сыбайлас жемқорлықпен ұсталғандар 6 жылдан 10 жылға дейін сотталады немесе пара сомасынан екі есе көп айыппұл төлейді. Америкада осындай қылмысы үшін жазалау мерзімі 5 -жыл бас бостандығынан айырса, Жапонияда жеті жыл. Ең қатал жаза қазіргі Қытай елінде қолданылады. Экономикалық қылмыс жасағаны үшін «ату» немесе «өмірлік сотталу» жазасы қолданылады. Осы елде осындай қатал жазаға байланысты сыбайлас жемқорлық бірден төмендеп, мемлекеттік қызметтегі азаматтар адал еңбек етуге көшкен. Оңтүстік Кореяда сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат берген адамға анықталған сомадан пайыздық сыйақы төленеді, ал пайда тапқысы келген шенеулік және оның туған-туыстары мәңгілікке мемлекеттік қызметке жіберілмейді екен. Францияда

параны алғаны, ұсынғаны үшін бірдей жазаланады, екеуіне де 10 жылға түрмеге қамалынады және 1 млн. франк көлемінде айыппұл төлейді. Лауазымдық тұлғаларға лауазымнан босағаннан кейін 5 жылға дейін жинаған капиталымен жұмыс істей алмайды. Әділетті шешім, қатал тәртіп, бірақ бәріне бірдей. Бұдан шығатын түйін: «Қызметін сыйлау, елінің абыройын сыйлау, жастарға дұрыс тәлім-тәрбие беру» көзделеді [11].

Бұл жерден Б. Момышұлы айтқандай «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деп мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында тек тәртіп болып, оны ешкім ешқандайда жағдайда бұзбаса жемқорлық мәселесін қатаң тәртіп енгізу арқылы жеңуге болады. Сонда ғана еліміздегі азаматтардың құқықтық мәдениеті мен азаматтық-патриоттық сезімдері жоғары болар еді [12].

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, пайдакүнемдік қылмыстарға нашар отбасында материалдық таршылық көрген азаматтар барады деп есептейді. Өйткені олар бала кезінен сезінген жоқшылықты жылдам оңай ақша тауып, өзін «бай», «ауқатты» адамдар қатарына қосқысы келеді.

Дегенмен, кейбір криминалист-ғалымдар А.И. Долгова, С.Я. Лебедев, Н.Ф. Кузнецова, К.Е. Игошев зерттеулері бойынша, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге баратын адамдардың көбі әлеуметтік жайлы, материалдық қамтамасыз етілген отбасынан шыққан адамдар екені анықталған. Бұдан отбасындағы тәлім-тәрбие жұмысы жолға қойылмағандығы, құқық бұзуға бейім криминогендік мінез-құлықты қалыптастыруға басқа да әлеуметтік жағдайлардың жол бергенін көрсетеді.

Қазіргі кезде көптеген адамдар сыбайлас жемқорлықтың құрбандығына айналып отыр, олар күнделікті жұмыс жасап отырған орнынан айырылып қалмас үшін басшыларына сыйақы төлеу, пара беру т.б. әрекеттерге барады. Сөйтіп, жемқорлықтың өршіп дамуына ықпал етеді. Кейбіреулер беретін ақшасы болмаса, банктен кредит алып беріп, соңынан төлей алмай зардабын өзі шегеді. Бұл туралы атақты ресей гуманист педагогы А.С. Макаренконың «адамның жаман мінезі басқаларға тікенектей қадалып жаралса, оның өзін де шөңге кіріп кеткендей сыздатып, қинайды» - деген болатын.

Қоғамдық ортадағы құқықтық нормалар мен құндылықтар негізінде реттелетін мінез-құлық – тұлғаның құқықтық мәдениетін анықтайды. Керісінше құқықтық нормаларға қайшы келетін мінез-құлық көріністеріндевиантты, құқық бұзушы, делинквентті, қылмыстық мінез-құлықты тұлға деп қарастырылады.

Г.Г. Шиханцовтың пікірінше нормадан ауытқушы, құқық бұзуға бейім мінез-құлықтың түп-тамырында жайсыз отбасы, мәдениеті төмен ата-аналар, отбасындағы дау-жанжалдар мен келіспеушіліктер жатыр, сондай ортадан теріс тәжірибе алып өскен жастар қылмыстық әрекеттерге кейде ойланбай барса, ал кейде жоспарлап, мақсат қойып жасайды [13, б.116].

Криминология ғылымында қылмыс жасаған адамды өз ақыл-ойын, іс-әрекетін ойластырып басшылыққа алатын саналы адам деп қарастырады. Ал

«саналы» ақыл-есі дұрыс адам қылмысты ұғынып, еркімен жасаса, ол өз әрекетінің қисынсыз, ақылға қонбайтын және сол үшін бас бостандығынан айырылып, қамауға алынатынын біле тұра қылмыстық әрекетке барса, оны қалай атауға болады.

Заң психологиясы оқулығының авторларының бірі В.Л.Васильев отбасында ата-ананың, кейбір ересектердің бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, олардың көзінше жасаған құқық бұзушылық мінез-құлқын мақтан етіп айтып, оны ерлік жасағандай баяндайды. Мұндай теріс мінез-құлықты естіген (бірнеше рет естіген) бала болашақта соларға ұқсап, заңсыз пайда түсіру, оны мақтан ету, сол арқылы өзінің экономикалық, әлеуметтік-психологиялық беделін көтеруге тырысады. Бұл сезімдер адамның санасынан тыс бейсана деңгейінде сақталып, болашақта жүзеге асырылады [14]. Сонымен қатар, балалардың санасына теріс ықпал ететін, қылмыстық мінез-құлықты насихаттайтын бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Қазіргі күнде жасалынып жатқан зорлық-зомбылық, экономикалық қылмыстардың көбі теледидар, интернеттен көрсетілетін ақпараттардан, фильмдердің ықпалымен қылмыстық әрекеттерге баратыны анықталған. Оны 2003 жылы Павлодар қаласында мектеп оқушыларының жазықсыз адамды пышақтап өлтіру фактісіне Ресейдің «Бригада» сериалы әсер еткенін жасөспірімдердің өздері мойындаған. Ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда, сотталғандардың 63 пайызы телекейіпкерлерге еліктеп заң бұзса, 22 пайызы қылмыс жасау тәсілдерін үйренген. Сол сияқты, арам пиғылды кейбіреулер балалар суицидін дамыту мақсатында өзін-өзі өлтіруге итермелейтін, оны қалайша жүзеге асыруға болатындығын насихаттайтын ақпараттық сайттар ашып, өздерінің әлеуметтік-психологиялық мәселелерін шеше алмай жүрген жастарға оңай жол көрсетіп отырған [15].

Қазіргі кезде заңсыз ақша табу, материалдық қамтамасыз етілген өмір туралы фильмдер жастардың арасында қызығушылыққа ие. Кейбіреулері жаңалықтарда жемқорлығы үшін жауапқа тартылып жатқан шенеуліктер туралы теріс ойда емес, қайта ол бір жақсы әрекет еткендей баға беріп жататындары болады. Бұдан кейбір жастардың құқық бұзушы мінез-құлыққа қарсылық танытпайтынын, сәті түссе өзі де сондай әрекеттерге баруы мүмкін деп болжауға болады. Г.Г.Шиханцовтың зерттеулері бойынша көптеген жеткіншектердің қылмыстық әрекеттерді пайда көзі ретінде қарап, өздеріне сыбайлас жемқорлыққа барған қылмыскерлердің әрекетін «ерлік» деп бағалайтындығын анықтаған [16, б. 183].

Сонымен, жоғарыда келтірілген талдауларды түйіндей келе сыбайлас жемқорлыққа мынадай қорытынды жасауға болады:

— сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-құқықтық-психологиялық құбылыс ретінде ғылыми жағынан зерттелуде;

— кейбір тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа саналы түрде барып, сол арқылы тек материалдық жағын ғана емес, сонымен қатар өзінің әлеуметтік-психологиялық мәнін көтеруді көздейді;

— сыбайлас жемқорлық ұғымы жастарға құқықтық тәрбие беру мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға кедергі келтіретін жағымсыз құбылыс.

Қазіргі экономикалық дағдарыс кезінде сыбайлас жемқорлық мәселесі жастар тәрбиесі үшін қауіпті құбылыс болып отыр. Жастар күнделікті өмірде оның теріс ықпалдарымен кездесуде (теледидар жаңалықтарынан, арнайы құқық және заң мәселесіне арналған ақпараттардан, оқу-тәрбие орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан іс-шаралардан, тұрғылықты жердегі өкілетті органдардың қызметкерлерінің қылмыстық әрекеттері т.б.).

Өмір практикасы көрсеткендей кейбір жастардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқына себеп болып отырған осындай жағымсыз ықпалдар. Оны көрген кейбір жастар дайын тәжірибе ретінде қолданса, ал басқалары өзін ондай әрекеттерден аулақ ұстап, өзін-өзі тәрбиелеп, дүниетанымын байытып, өзінің болашағына жауапкершілікпен қарайды. Яғни, рухани жағынан жоғары алғыр адамдар оны жаңа өмірге «секіріс» факторы ретінде қабылдап, өзін шығармашылық дамытуға, жақсы әрекеттерге итермелеуші «жағдай» деп қабылдаса, тек надан адамдар ғана оны қылмысқа «себеп» деп теріс жолға түседі екен.

2 ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда құқық бұзушылық әрекеттердің, соның ішінде жастардың арасындағы қылмыстық әрекеттердің көбеюі, оның алдын-алу шараларын қолдануды талап етеді. Осыған байланысты өскелең ұрпақтың тұлғасына тән құқықтық-адамгершілік санасын қалыптастырудың маңызы зор. Жастар өздерінің психикалық даму деңгейі бойынша тұрақсыздығы, бұрмалануға оңай түсуімен ерекшеленеді. Криминогендік белсенділер өздерінің қатарына осындай буыны қатпаған жастарды тарту арқылы, олардың санасын бұрмалайды, құндылықтар бағдары мен қажеттіліктер жүйесіне, қызығушылығы мен дүниетанымына кері ықпал етіп теріс сипатқа әкеледі. Бұл олардың құқық, заң категорияларына деген қарсылықтарын тудырып, дұрыс жолдан тайып, қылмыс жасауының бірден-бір себебіне айналады. Осыған орай, жастардың құқықтық санасының бұзылуына жол бермеу, олардың әлеуметтік-құқықтық нормалар мен құндылықтарды игерту мақсатында оқу-тәрбие жұмыстарына ерекше мән беру керек.

Адамзат қоғамында тұлғалардың қатынастарын реттеп, құқықтарын қорғау заңды түрде жазылған және жазылмаған нормалар арқылы жүзеге асады. Сол нормалардың ішінде (әлеуметтік, адамгершілік, рухани, моралдық, діни) құқықтық норма үнемі жаңарып, дамып отырады, сонымен қатар, азаматтардың қатынастары мен мінез-құлықтарын реттеуде басқаларына қарағанда жүйелі, әрі қатаң.

Құқықтық норманың басты қызметі – әділеттілік орнату. Аристотель құқықты саяси шындық, әділеттік десе, атақты француз педагогы Ж.Ж. Руссо құқықты қоғамдық билік деп түсіндірді. Құқық азаматтардың қоғамдық ортадағы бостандығын қамтамасыз етеді, мінез-құлқына, іс- әрекетіне, тәртібіне, сана сезіміне жан-жақты әсер етеді, мүдде-мақсаттарының іске асуына әділ жағдай жасайды, әр түрлі қылмыстық ниеттегі адамдардың теріс әрекеттерінен қорғайды, қамқорлық жасайды [18].

Адамдардың жекелік, топтық және ресми қарым-қатынастарын реттеп, қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуына негіз беретін құрал. Сонымен қатар, құқық қоғамдағы заңдылықты, тәртіпті бақылап, мемлекеттің ішкі-сыртқы қатынастарын қамтамасыз ететін негізгі құрал.

Құқықтық нормаларды тұлға құқықтық әлеуметтену үрдісінде қабылдайды және ол жалпы әлеуметтену үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылады. Құқықтық әлеуметтену процессінде әрбір тұлға өзі өмір сүретін қоғамның құқықтық нормаларын игереді және оны өз мінез-құлқын реттеуде ұстанады. Құқықтық әлеуметтену интериоризация, идентификация, игеру, еліктеу механизмдері арқылы жүзеге асады.

Баланың дүниеге келген күннен басталатын әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін механизм персонификация және идентификация. Бала сәби кезінен бастап ата-анасының өмір тәжірибесін көріп өседі, есейе келе сол көргендерін қайталай отырып әлеуметтік мінез құлық нормаларын қабылдайды. Л.С.Выготский психологияға енгізген «интериоризация» механизмі арқылы әлеуметтену процесінде өзіне қажеттінің бәрін «сырттан ішке енгізу» арқылы әлеуметтік-психологиялық қасиеттерге ие болады. Яғни құқықтық нормалар туралы түсініктерді, білімді, ережелер мен үлгілерді «сырттан ішке енгізу» арқылы құқықтық санасын қалыптастырады. Бала кезінен құқықтық санасы қалыптасқан адам құқықтық нормаларды құрметтейді, өзінің мінез-құлқын әрқашанда соған лайықтап басқарады. А.Н.Леонтьевтің ойынша «игеру» және «өз құндылығына айналдыру» ұғымдары арқылы адам дүниеге келген күннен бастап, айнала қоршаған ортасындағы құндылықтарды, нормаларды игереді және оны өзінің игілігіне айналдырады. Игерілген білім, тәжірибе, құқықтық нормалар оның құндылығына өтіп, болашақта өз әрекеттерін реттеуде белсенді пайдаланады. «Еліктеу» механизмі баланың өзіне ұнаған адамның мінез құлық үлгілерін қайталау арқылы өзінің мінез-құлқын әлеумет ортада реттейді. Еліктеудің оң және теріс жақтары болады. Қай жағын ұстану тұлғаның сана-сезіміне, жауапкершілігіне, тәлім-тәрбиесіне тығыз байланысты [19].

Құқықтық сананың бұзылуына көп жағдайда жайсыз әлеуметтік-психологиялық орта болып табылады. Ондай ортаға арақпен немесе есірткімен адами жолдан тайған отбасы, қылмыс жасап жазасын өтеп жатқан ата-ананың тәрбиесі, толық емес (не анасы, не әкесі) тәрбиесіз отбасы, сырттай жақсы көрінгенімен отбасында баланың құқығын бұзатын отбасылар, сонымен қатар, В.Л.Васильев өз зерттеулерінде әлеуметтік жағдайы жайлы, материалдық қамтамасыз етілген отбасынан шыққан адамдардың құқықтық мәдениетінің төмендігін анықтаған [20].

Тұлғаның құқықтық мәдениеті оның құқықтық санасымен тығыз байланысты. Құқықтық сананың қалыптасуы өзара байланысты үш компоненттен тұрады: *танымдық, бағалаушылық, реттеушілік*. *Танымдық* құқықтық мағынадағы тұлғаның білімі мен біліктілігі; *бағалаушылық* - құқықтық нормаларға деген эмоциялық қатынасы, ұнайды, ұнамайды деген баға беруі және соған байланысты құқықтық нормаларды ұстануы немесе бұзуымен айқындалады, ал *реттеушілік* - мінез-құлықты құқықтық нормалар негізінде реттеуге деген ниетпен анықталады. *Құқықтық сана* - дегеніміз, тұлғалардың құқықтық нормаларға деген көзқарасын, түсініктері мен сезімдердерін, мақұлдауын, жақтырмауын немесе құрметтеуін мінез-құлық арқылы көрінетін күрделі әлеуметтік-психологиялық жиынтық. Құқықтық сананың мәні оның бағалаушылық сипатында. Құқықтық сана әлеуметтік қатынастарды реттей, бақылай отырып, қоғамдық сананың басқа нысандарымен өзара әрекет етеді. Мысалы, меншіктің экономикалық санамен қатынастары, тұрмыс жағдайының

адамгершілік санамен қатынастары, ізгілік пен зұлымдық тұрғысынан т.б. Құқықтық сана өзінің сабақтастығымен, мәдени-тарихи мазмұнымен күшті. Құқық туралы көзқарастар, түсініктер, идеялар мен теориялар ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Құқықтың мәдени-тарихи дамуы, реттеу әдістері мен жауапкершілік түрлері туралы түсініктер жастардың құқықтық санасының терең, жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Құқықтық сана - көп қырлы феномен. Оның жеке адам мен қоғамның рухани үйлесімді дамуына негіз береді. Әрбір азамат құқықтық нормаларды және заңды қылмыстық жазадан қорыққаннан емес, Конституцияны құрметтеу сезімімен өз мінез-құлқын реттеп бақылауға негізделген болуы керек.

Құқықтық сана - тұлғаға өз әрекеттерінің заңдылығын, әділдігін өзіндік бағалауына мүмкіндік береді. Өзінің ниетіне, мотивтері мен қылықтарына, әрекеттеріне сын көзбен қарап, дер кезінде бағалай білуі, мінез-құлқын реттеуі, құқық бұзушылықтың алдын алуы мүмкіндіктерін айқындайды. Өзін-өзі бағалау, өзінің заңды әрекеттеріне қанағаттану немесе істелген істері үшін ұялу, өкіну сезімінен көрініс береді. Адам ар-ожданының көрінісі ретінде ұялу, опық жеу оның мінез-құлқындағы құқықтық ауытқуды тежеуге мүмкіндік береді. Тұлғаның құқықтық санасы өзін-өзі бағалау дағдысына, құқықтық өзін-өзі тәрбиелеуіне негіз береді [21].

Құқықтық сана - тұлғалардың әлеуметтік белсенділігін реттеуде қолданылатын құқық нормалар, заңдылықтар мен құндылықтар түсініктер мен көзқарастар жиынтығынан тұрады. Құқықтық сана тұлғаның жалпы мәдениетімен тығыз байланысты. Құқықтық санаға негізделген мінез құлық дегеніміз – тұлға өзінің қоғамға пайдалы іс-әрекеттерін құқық нормалар талабына сәйкес орындау, заңда белгіленген мүмкіндіктерін пайдалану, өзіне жасалған заңсыз әрекеттерден қорғану жатады. Құқықтық сананың белгілері:

- Құқықты танып білуге тырысу;
- Құқықтық нормалар бекітілген актілерді түсіну;
- Құқықты құрметтеу;
- Құқықтың дұрыстығына және әділдігіне сену;
- Құқықтық нормаларды сақтауға дағдылану;
- Құқықтың талаптарын бұлжытпай орындау.

Құқықтық сана қалыптасуының негізгі факторы болып қоғамдық ортада ҚР Конституциямен бекітілген құқықтық нормалар мен ережелер, жатады. Олардың атқаратын негізгі функциялары:

- тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық қатынастарын реттеу;
- халықтың құқықтық білімін арттыру;
- құқықтық мәдениетті дамыта отырып, әлеуметтік теңдікті сақтау;
- қоғамдағы қатынастарды реттеу,
- құқықтық жауапкершілікті түсіндіру.

Қалыптасқан құқықтық сана-сезім тұлғаға қоғамдағы қатынастарды дұрыс түсініп, өзінің мінез-құлқын, әлеуметтік әрекеттерін реттеп, басқарып отыруға негіз береді. Ол тұлғаның әлеуметтік өзін жүзеге асыруға, міндеттерін еркін орындауға, болашағын дұрыс болжауға маңызды әсер етеді. Құқықтық сана-сезім арқылы тұлға қоғамдағы нормативтік актілер мен құбылыстардың, қатынастардың маңызын бейнелейді және қолдану аясын анықтайды [22].

Сонымен, құқықтық сана-сезім қоғамдағы құқықтық нормалар дамыту үшін, заңдылықты, тәртіпті қатаң сақтау үшін маңызы рөл атқарады. Олай болса, қоғам мүшелерінің құқықтық сана-сезімі сол қоғамдағы заңдылықтар мен құқықтық тәртіпті жүзеге асыруға негіз береді.

Құқықтық тәрбие- азаматтарда құқықтық сананың қалыптасуын, яғни жеке құқықтар мен бостандықтарды қолдау мен ұғынуды, мемлекеттің ішкі заңдары мен құқықтық нормаларды қабылдауы мен ұстану негізінде қамтамасыз етіледі. Ол тұлғаның құқықтық санасының қалыптасуын, құқықтық мәдениеті мен құқықтық тәрбиесінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге міндеттелген. Құқықтық тәрбие азаматтылықты қалыптастырудағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Адамның құқықтық тәрбиелілігі құқықтық нормалар мен құндылықтарды игеру арқылы қоғам алдындағы адамның жауапкершілігін мойындау, бұлжытпай орындаудан тұрады.

Құқықтық тәрбие ел Конституциясына және мемлекеттік рәміздерді, заңдарды құрметтеуден, демократизмді ұстанудан және жоғары азаматтылық белсенділіктен тұрады.

Құқықтық тәрбиелілік тек жеке құқықтар мен бостандықтарды тану мен сақтауға деген ұмтылыстан ғана емес, сонымен қатар, қоғамның өзге мүшелерінің құқықтары мен міндеттеріне құрметтен де көрінеді. Бұл үшін тұлға сол мемлекет азаматтарының фундаменталды құқықтары мен бостандықтарын нақты білуі және ол елдің заңнамалық негіздерімен таныс болуы тиіс. Балаға бұл қасиет пен таным-түсінік ерте жастан бастап ата-ананың тәрбиесімен, үлгі-өнегесі, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары арқылы қалыптасып, заңға қатысты сыйластық сезімі пайда болады, соның нәтижесінде баланың санасында заң талаптарын мүлтіксіз орындау қажеттілігі туралы түсінік өмірінің негізіне айналады.

Құқықтық тәрбиеге сол мемлекетте қабылданған негізгі құқықтық нормаларымен танысудан басталады. Құқықтық нормалар азаматтардың мінез-құлық, іс-әрекеттеріне заңды шектеу қойып қана қоймай, сонымен қатар оның әлеуметтік әділдік негізінде орнығып, осы әділдікті сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттер мен мінез-құлықтан тұрады. Бұл фактіде құқықтық және адамгершілік мәдениеттің бөлінбес байланысы жатқандығын түсінген кезде ғана адам оны сыйлайды және орындайды. XIX ғасырдағы көрнекті орыс заңгері және қоғам қайраткері А.Ф. Кони былай деп жазған: «Құқық және адамгершілік бір-біріне қарама-қарсы және жат ұғымдар емес. Екеуінің кайнар көзі ортақ, олардың шынайылық айырмасы басты түрде адамгершіліктің еркін орындалуымен

құқықтың мәдениеттілікте. Осыдан құқықтық көзқарастардың адамгершілік идеалдармен байланысы шығады. Осы екі ұғым адамзаттың санасында неғұрлым бір-біріне жақын болса, соғұрлым қоғам саналы деңгейде дами түседі» [23]

Құқықтық мәдениет адамгершілік, еңбек тәрбиелерімен тығыз байланыста бола отырып, жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыруда шешуші рөлге ие болады. Бұл бірліктің тиімді жүзеге асуы тек жанұяның, мектепке дейінгі мекемелердің, мектептің және басқа да әлеуметтік ұйымдардың, сонымен қатар БАҚ-ң келісілген күш салысуы жағдайда ғана мүмкін болады.

Құқықтық мәдениетке қарама-қарсы бағыт – құқықтық нигилизм. Нигилизм (лат. nihil – ештеңе) – қоғамда қалыптасқан мәдени құндылықтар мен мұраларды, діни, моральдық нормалар мен түсініктерді қайта қарауды, жоққа шығаруды білдіретін ұғым [24]. Ол ХІХ ғасырда Еуропада солшыл-радикалды бағыттағы философтар Ф.Г.Якоби, П.Ж.Прудон еңбектерінде жарық көрді. Адам мәселесі, оның ішінде шығу тегі, мәні, табиғаттағы орны және қоғамдық өмірдегі рөлі т.б. мәселелерді фундаменталдық философиялық талдаудың бір бағыты болып табылады.

Нигилизм әлеуметтік құбылыс, және оның өзіне тән белгілі бағыттары бар: субъективизм, волюнтаризм, консерватизм, үстемділік, асыра сілтеу т.б.

Бұл бағыттар қоғамның, адамдардың өміріне көптеген зияндар келтіруде: рухани, моральдық, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерді жоюда, еңбексіз баюды, ар-ұятты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді ұстанбауды насихаттайды.

Осы бағыттардың кейбір өкілдері мемлекеттің ең жоғары басқару аппаратына кіріп кетіп, мемлекетті басқару органдарының іс-әрекетіне теріс ықпалдарын тигізуге тырысуда.

Құқықтық нигилизмнің көріну түрлері:

- 1) Қоғамдағы құқықтық нормалардың талаптарын қасақана орындамау. Құқық бұзушылық, құқыққа қарсы теріс мінез-құлық, қоғамға, ұжымдарға, адамдарға моральдық, материалдық зиян келтіру, адамдардың өміріне қауіп төндіру т.б.;
- 2) Азаматтардың жалпыға ортақ заңды нұсқауларды орындамай, өздерінің ойдан шығарған нормасымен жүріп қоғамдағы азаматтық, әкімшілік тәртіпті бұзу;
- 3) Заңды нормативтік актілердің арасындағы қайшылықтар. Кейде заңға тәуелді нормалар заңнан жоғары болып кетуі. Бұл нигилистік асыра сілтеу...;
- 4) Заңдылықты субъективтік, прагматикалық саясатпен ауыстыруға тырысу. Бұл қоғамның объективті дамуына зиян келтіреді;
- 5) Қоғамда адамдардың бостандығы, құқықтары, теңдігі толық қамтамасыз етілмесе, онда саяси нигилизмнің негізіне айналып көп зиян келтіруі, соғысқа апаруы мүмкін. Мысалы, Россиядағы чечен халқына қарсы соғыс;
- 6) Әртүрлі теориялардың арасындағы қайшылықтар, күрестер. Мысалы, социалистік, коммунистік және буржуазиялық идеологияның күресі, 50 жыл атом қаруын себепсіз дамытып дүние жүзіндегі халыққа қауіп төндірілді [25].

Сонымен құқықтық нигилизм (немқұрайдылық – қоғамда құқық пен заңдылықтың девальвацияға ұшырауынан (құнсыздануынан), заңдылықты елемеуден, немесе олардың әлеуметтік реттеуші рөлін жете бағаламаудан көрінеді.

Құқықтық нигилизм — құқықтың әлеуметтік және тұлғалық құндылығын жоққа шығаратын, оны қоғамдық қатынастарды реттеудің ең жетілдірілмеген тәсілі деп санайтын қоғамдық ой-пікірдің бағыты мен бағдары болып табылады.

Құқықтық нигилизм (немқұрайдылық) құқықтың рөлі мен маңызына парықсыз, ықпалсыз (немқұрайдылықпен) қараудан құқыққа толығынан сенбеу және құқықты ешбір дәлелсіз теріске шығарып мойындамау. Соған байланысты:

1. Қоғамдағы заңдар мен құқықтық нормативтік актілерді қасақана бұзу;
2. Жаппай, барлық жерлерде заңдық ұйғарымдарды сақтамау, орындамау;
3. Бір-біріне қайшы келетін бұрмалаушы құқықтық актілерді қабылдау, сол арқылы оның құнын төмендету;
4. Заңдылықты саяси, идеологиялық және прагматикалық пайдалылықпен алмастыру;
5. Адам құқықтарын бұзу, әсіресе адамның өмір сүруге құқықтылығын, арнамысына, жеке құқықтарына нұқсан келтіру, тұлғалық қадір қасиетін қолау, және тағы басқа да құқықтарын бұзу.

Құқықтық нигилизмді (немқұрайдылықты) жеңудің негізгі жолдары – азаматтарға құқықтық білім беру арқылы олардың құқықтық мәдениетін көтеру, азаматтық, рухани-адамгершілік тәрбие негізінде құқықтық санасын жоғары сапаға жеткізу; заңдарды жетілдіру; құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмыстарды азайту; заңдылық, құқықтық және мемлекеттік тәртіпті нығайту; тұлғалардың құқықтық нормаларды құрметтеуі мен ұстануына қол жеткізу; жастарға құқықтық білім беру және тәрбиелеу, жоғарғы білікті заңгер мамандар даярлау, олардың кәсіпқойлығын арттыру; құқықтық реформаны әрқашан дамытып отыру [26].

Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келіп, қазіргі кезде құқықтық нигилизмнен құтылудың негізгі жолдары:

- халықтың жалпы және құқықтық мәдениетін көтеру;
- азаматтардың моральдық және құқықтық санасын күшейту;
- заң шығарушы органдармен тұлғалардың кәсіби сапасын көтеру;
- саяси-экономикалық дағдарыстан тезірек шығу үшін азаматтардың рухани-адамгершілік деңгейін көтеру болып табылады.

Аталған мәселеге қол жеткізу үшін ең алдымен өскелең жас ұрпақтың тәрбиесіне, олардың мәдени деңгейіне көңіл бөлінуі қажет.

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық құқықтық,

т.б. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырады.

Мәдениет салаларының арақатынасы бірлестікте және дербестікте дамып қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтуға негіз береді. Жақсы дамыған экономика, мәдениеттің жан-жақты нығаюына мүмкіндік жасайды, ал жақсы дамыған экономиканы жоғарғы мәдениетті жастар жасайды. Мәдениеттің жақсы дамуына мемлекетпен бірге бірлестіктер, одақтар, ұжымдар зор үлес қосады. Мәдениеттің жоғарғы деңгейі құқықтық мемлекет атануға жол ашады.

Сонымен, қоғамның парасаттылық, инабаттылық тәрбиелік деңгейі азаматтардың мәдени деңгейімен айқындалады. Қоғамда бұл екі жақты байланыс бір елдің, бір мемлекеттің ішкі шеңберінде ғана болады. Мәдениеттің дамуына сыртқы жағдайлар зор әсер етеді. Мысалы, дамыған елдердің мәдениеті артта қалған елдерге үлгі болып, олардың рухани байлығын, сана-сезімін көтеріп, жалпы мәдени деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Мәдениетті төмендегідей үш жіктеуде қарастырылады: антропологиялық, социологиялық, философиялық жіктеулер:

– антропологиялық жіктеу – мәдениет адамдардың іс-әрекеті мен қоғамның тарихи даму процесінде қалыптасқан материалдық және рухани жетістіктер. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын жақсы түсіну үшін қоғамның барлық саласының жетістіктерін біріктіріп зерттеуді жақтайды;

– социологиялық жіктеу – мәдениет қоғамның даму процесінде қалыптасқан рухани жетістіктер. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамның әлеуметтік және идеологиялық жетістіктерін біріктіріп зерттеуді қостайды;

– философиялық жіктеу – мәдениет қоғамдағы барлық материалдық және рухани құбылыстардың жиынтығы – деп түсіндіреді. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамдағы барлық құбылыстардың объективтік және субъективтік заңдылықтарын зерттеп, ғылыми тұрғыдан қорытынды тұжырымдар жасауды қарастарады. Антагонистік қоғамда материалдық және рухани мәдениет үстемдік етуші таптың мүддесіне бағындырылған. Ал демократиялық жолда дамушы елдердің мәдениеті ұлттық-интернационалистік нақышта болады.

Қазіргі замандағы мәдениет мазмұны жағынан алғанда өте кең, ол өткендегі барлық мәдениет атаулының ең прогресшіл және ең жақсы жақтарын заңды түрде қабылдап, дамып отырады. Мәдениет түсінігіне тек ғылым, ағарту, өнер, тіл және әдебиетпен ғана шектеліп қойылмайды. Мәдениеттің маңызды сипаты, оның интернационалдығы. Қоғамдық мәдениетінің негізгі салаларының бірі – құқықтық мәдениет. Бұл қоғамдағы мәдени құндылықтарды сақтау, жаңғырту, дамыту, оларға азаматтардың құрметтеу негізінде мінез-құлықтары мен іс-

әрекеттерін реттеп-басқару. Құқықтық мәдениет қоғамдағы мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Бұл объективтік процесс.

Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының айнасы деуге болады. Өйткені бұл мәдениет адам қоғамының өткен формацияларының құқықтық мәдениетінің жетістіктерін жинақтап, біріктіріп отырады.

Құқықтық мәдениет екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және қоғамдық мәдениет. Жеке тұлғалардың мәдениеті қоғамдық мәдениетті дамытуға шешуші үлес қосады. Құқықтық мәдениет жалпыадамзаттық құндылық, өйткені ол адам қоғамының тарихи цивилизациялық жетістігі.

Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың құқықтық білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, профессионалды, теоретикалық. Күнделікті мәдениет адамдардың күнделікті тіршілік ету барысында өзінің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін, қатынастарын жалпы қоғамдық қабылданған мәдениет шеңберінде реттеп басқаруы. Бұл көрсеткіш динамикалы өзгерісте, үнемі даму үрдісінде. Профессионалды мәдениет – әрбір кәсіпкердің, әрбір маманның өз ісінің шебері, кәсіби құзіреттілігін анықтайтын сапалар мен қасиеттерден тұрады. Мысалы, педагог, ол тек өз пәнін ғана біліп қоймай, ол жан-жақты дүниетанымдық көзқарасы кең, балаларды жақсы көріп, олардың тағдырына өзінің ұстаздық еңбегімен үлес қосу. Теоретикалық мәдениет – жалпы философиялық, нақты методологиялық заңдылықтарды, тұжырымдарды талдай білу, дүниеге ғылыми көзқарас болу, әрбір әлеуметтік, экономикалық, саяси, психологиялық, идеологиялық өзгерістердің заңды себептерін ашып, түсіндіру жатады.

Мәдениет жүйесін құқықтық реттеудің, басқарудың негізгі бағыттары:

- азаматтардың құқықтық сана-сезімін дамыту;
- құқықтық шығармашылықты жақсарту;
- нормативтік актілердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттің құқықтық жұмысының нәтижесінде халықтың рухани және материалдық мүдделерін жақсарту.

Осы көрсетілген төрт бағыттағы құқықтық реттелу қоғамдық көлемде болсын жеке адамдар тұрғысынан болсын ғылыми творчестволық процесс деп білу керек. Сонда ғана тұлға мәдени прогрестік жолмен дамып, қоғамының рухани және материалдық жетістіктерін біріктіріп мемлекеттің жақсы дамуына мүмкіншілік жасайды.

Қоғамның мәдениет саласындағы қатынастар заң арқылы реттеліп, басқарылады. Заң мәдениеттің негізгі мүдде-мақсатын анықтап, оның орындалу бағыттарын көрсетіп реттеп отырады. Заң мәдениеттің жаңа бағытын, жаңа мақсатын болжап, алдын-ала заңға тәуелді нормативтік актілерін дайындап, мәдениетті мінез-құлықты қамтамасыз ету жағын бақылап отырады. Заң құқықтық мәдениетті басқаратын, дамытатын аппараттарды құрып, нығайтады.

2.1 Құқықтық мәдениет

Құқықтық сананың маңызды көрсеткіші, даму деңгейін айқындаушы тұлғаның құқықтық мәдениеті болып табылады. Құқықтық мәдениет құқыққа байланысты белгілі бір көзқарасты, құқықтық білімнің тереңдігін, тұрақты құқықтық бағдарды, тұлғаның рухани-құқықтық құндылықтар жүйесін айқындай отырып, құқықтық нормалардың тұлғаның мінез-құлқында әрқашанда, өмірдің қандай жағдайы болмасада бірлік құру ерекшелігімен көрініс береді.

Құқықтық мәдениет құқықтық білімінің жоғары деңгейімен, тұлғаның құқыққа деген сыйластығы мен құрметі арқылы сипатталады. Ол адамдардың құқықтық сенімдеріне, басқа адамдар мінез-қылықтарына заңды немесе заңға қарсы келу фактілерімен баға беруіне және құқықбұзушылықтарға белсенді қарсы шығып, кедергі жасай отырып, заңды сақтап қалуға деген белсенді әрекеттерімен анықтайды.

Негізінен құқықтық нормалар әрбір адамның қоғамдағы еркіндігін, сонымен қатар өзіне және ешкімге қиянат жасамауға, адамдармен тең үйлесімді өмір сүруге бағытталған. Бұдан шығатын түсінік ешкім өзінің мінез құлқын құқықтық нормалардан қорыққаннан немесе «жұрттың бәрі» принципі бойынша конформизм салдарынан өзін еріксіз тежеу емес, қалыптасқан құқықтық мәдениеті негізінде құқықтық нормаларды құрметтеу негізінде өзінің әлеуметтік белсенділіктерін (қарым-қатынасын, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын) бақылау, реттеу болып табылады. Ал құқықтық конформизм тұлғаның құқықтық білімінің төмендігін, өзін қоғамдық ортада қалай ұстап, қалай әрекет етуге деген сенімінің жоқтығын білдіреді.

Олай болса, құқықтық мәдениет тұлғаның құқыққа бағынушылық мінез-құлқы мен құқықтық нормалар негізінде қоғамға пайдалы әрекеттермен (қарулы күштерде абыроймен қызмет ету; ғылым, спорт, өндірістік, саяси немесе көркем шығармашылық еңбектермен айналысып, биік жетістіктерге жету; рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін салт-дәстүрлер мен діни-ғұрыптарды ұстана отырып, ұрпақ тәрбиелеу т.б.) айналыса отырып, өз елінің еркін азаматы ретінде өзін жүзеге асыруын айтуға болады [27].

Құқықтық мәдениеттің маңызды саласының бірі кәсіби құқықтық сана. Әрбір адам өзінің кәсіби біліміне сәйкес мемлекеттік орындарда қызмет жасайды. Мемлекеттік қызметтегі тұлғалар мемлекеттің рухани-материалдық құндылықтарын көздерінің қарашығындай сақтап, оның талан-таржыға түсіп кетпеуін қадағалай отырып, ар-ождан тазалығы мен азаматтық жауапкершілікті сақтаумен ерекшеленуі қажет. Бұл мемлекеттік қызметкердің құқықтық мәдениетімен тығыз байланысты.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті - құқықты білу, ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Яғни, құқықтық құжаттарды, актілерді жете түсініп, оны өмірде қолданудан көрінеді. Құқықтық мәдениет тұлғаның жалпы тәртібі мен

жауапкершілігінің қосындысынан пайда болады. Ендеше әрбір адам қоғамда қабылданған нормалар мен ережелерді жас кезінен ұғынып, оны өз мінез-құлқына арқау етсе, елде тәртіп орнайды.

Тәртіп- адамның қоғамдық ортадағы әрекеттерінің заңды және әлеуметтік ережелер мен нормаларға сәйкестігі. Дүниеге келген әрбір адам баласы сол ережелер мен нормаларды әлеуметтік институттарда тәрбие үрдісінде қабылдап, өзінің мінез-құлқын, қатынастарын, іс-әрекеттерін реттейді, жүзеге асырады.

Жалпыға ортақ тәртіпті сақтау тәрбиелілікті, тәртілікті білдіреді, өмірдің әрбір жағдаяттарында тұлғаның өзін-өзі ұстауы арқылы көрініс береді. Тәртіптілік - ұстамдылық, шыдамдылық, сабырлық, іштей өзін-өзі ұйымдастырушылық, мақсатқа талпынушылық, кездескен қиындықтар мен кедергілерді ішкі адами қасиеттеріне жүгіне отырып жеңу, қайырымдылық, сыпайылық, кішіпейілділік т.б. көптеген түсініктер арқылы тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін көрсетеді.

Тәртіптіліктің даму деңгейі мінез-құлық мәдениетімен анықталады. Мінез-құлық мәдениеті тұлғалық даму деңгейімен тығыз байланысты. Мінез-құлық мәдениеті шеңберінде іс-әрекет мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау мен бақылау және тұрмыстық мәдениетін қамтиды.

Келбет мәдениеті өзінің стиліне сәйкес киіне білуінен, жеке бас гигиенасын сақтауанан т.б. көрінеді. Оқушыны төменгі сыныптан бастап әртүрлі жағдаяттарға байланысты (сабаққа, қонаққа бару, сорттық үйірмелеріне қатысу, таза ауада серуендеуге т.б.) бойынша киім таңдай білуге үйрету. Киімді күтіп, таза ұстау мәдениеті оның ішкі мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.

Қарым-қатынас мәдениеті мейрімділік пен сенімділікті, адамдарға әдептілік пен мұқияттылықты, айтылған пікірді, ақпаратты аяғына дейін тыңдап, ойланып жауап беру тәртібінен тұрады. Жақын және бөгде адамдармен, сыртта, қоғамдық орындарда қарым-қатынас ережесін сақтау мәдениеттіліктің белгісі. Қарым-қатынас мәдениетін адамның сөйлеу мәдениеті деп аталады. Сөйлеу мәдениеті сөздің құдіретін түсіну, сөздерді дұрыс пайдалану, тыңдай білу, естіген ақпарат бойынша жағымды сөздермен жауап қайтарудан тұрады.

Тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастыру әдістеріне әңгімелесу, сұхбаттасу, пікірсайыстарды т.б. жатқызуға болады. Әңгімелесу тәрбие әдісі ретінде қисындылық және дәлелділік, анықтылық және жүйелілік, бейнелілік және әсерлілік талаптарына сай болуы керек. Әңгіме барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін назарға алу, уақыт шектеулерін ескеру керек; бастауыш сыныптардағы оқушылары үшін 10 минуттан аспауы қажет, ал жоғары сыныптар үшін 30 - 35 минут болғаны жөн. Әңгімелесу келесі тәрбиелік міндеттерді шешу үшін қолданған жөн:

— әңгімедегі кейіпкерге, оның әрекеттеріне байланысты ізгі немесе наразылық сезімдерін ояту;

- адамгершілік түсініктерінің және тәртіп нормаларының мағыналарын ашу;
- тәртіптің үлгілерін ұсыну және ізгілікке ынталандыру т.б.;
- үйлесімді сөйлесу (коммуникативтік) дағдыларды қалыптастыру.

Сұхбаттасу, тәрбиелеу әдісі ретінде, қоғамдық өмірді, адамдардың әрекеттерін, тәрбиеленушілердің өздерінің адами қасиеттерін бағалауға үйретеді. Өзін-өзі бағалау, бақылау мектеп жасындағы балаларда азаматтық және адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға негіз береді. Сұхбаттасу қоғамдық өмірді жан-жақты танып білуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдауға, адамның өзінің ішкі таным-түсініктерін байытуға пайдаланылады. Сұхбаттасу тақырыптары тәрбиеленушіні ойландырады, белгілі тұлғалық сапаларды түсінуге ұмтылдырады.

Пікірсайыс дегеніміз танымдық-тәрбиелік әдістердің қатарына жатады. Тәрбиеленуші талқыланып отырған мәселе бойынша өз ойын білдіруге, өзінің қатынасын түсінуге ұмтылдырады. Пікірсайыстың қорытындысында дәлелді, дәйекті бір шешім қабылдануы керек. Пікірсайыстың бір түрі – диспут. Оның пікірсайыстан айырмашылығы - белгілі және қорытынды шешімдер қабылданбайды. Диспут барысында тәрбиеленуші талқыланып отырған мәселеге қатысты өз ойын айтады және оның әлсіз немесе күшті жақтарына талдау жасайды. Пікірсайыс пен пікірталастың өткізілуі педагогтан үлкен даярлықты, шеберлікті талап етеді: қатысушыларды қызықтыратын дәйекті, өзекті мәселе болуы, ақылға қонымды әдебиеттер және түрлі дерек көздерді тандалу қажет. Аталған әдістерді тәрбие жұмысында қолдану барысында тұлғаға қысым, көзқарасты күштеп таңдауға жол бермеу керек, керісінше өз ойын білдірген белсенді қатысушыларды көтермелеп отыру қажет.

Мәдени сананың қалыптасуы тәрбие іс-шараларын тиянақты және жүйелі ұйымдастырумен тығыз байланысты. Тәрбие іс-шараларына қажетті жағдайларды тудыру, педагогикалық талап, инструктаж, иллюстрация, демонстрация және т.б. кеңінен қолданудың маңызы зор.

- Тәрбие жұмыстары кезінде жастардың алдына нақты талаптарды мен шарттарын қойып, олардың орындалуын бақылау;
- Тәрбиеленушінің бойында белгілі бір әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің шеңберін кеңейтуге ұмтылдыру;
- Жастардың өздеріне жауапкершілікті алып, кездескен қиындықтарды жеңіп шығуға, шығармашылық танытуға тәрбиелеу.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің практикалық жағдайында оқушыдан нақты жеке тұлғалық қасиетті талап ететін жағдайлар жиі кездеседі. Сонымен қатар кураторлар, тәрбиеші педагогтар арнайы тәрбиелік –әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды тудыра отырып, осы жағдайдан жол іздеу барысында тәрбиеленушілер өзінің эмоциясын, танымдық қабілеттерін басқаруға, реттеуге машықтандыру қажет. Осылайша, тәрбиеленушінің ізденісі жаттығуға айналып,

оның басты принципіне өтеді, өзін-өзі жүзеге асыруына негезі береді және өз өміріне, іс-әрекеттеріне деген жауапкершілігін қалыптастырады.

Жауапкершілік –жеке тұлғаның алға қойған мақсатын іске асыру нәтижесінде кездескен қиындықтарды жеңу арқылы нәтижеге ие болуы. Жауапкершілік адамның өмірге деген қызығушылығын туғызады.

Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарттарыда азаматтың жауапкершілігін қалыптастыру мектеп бітірушінің ең маңызды құзреттілігі деп атап көрсетілген. Әлбетте, әр адамның жауапкершілігі оның ар-ұяты мен қоғамдағы беделімен анықталатын көрсеткіш. Тұлғаның азаматтық қасиеті оның өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауымен анықталады.

Адамның қоғам алдында жауапкершілігі елдегі демократиялық принциптермен тығыз байланысты. Еркін адам қоғамның дағдарыссыз, тұрақты дамуына қолдау көрсете алады, қоғам алдында ол өзінің жауапкершілігін толығымен сезіну арқылы өз еркімен қоғамның талаптарын орындай алады.

Жауапкершілік пен міндет бір-бірімен тығыз байланыста, адамның ар-намыс сезіміне негізделеді. Жауапкершіліктің қатал анықтамасының өлшемі мен айқындауына қарағанда міндет айқынырақ болып келеді. «Азаматтық ой, сезім, үрей, азаматтық міндет, азаматтық жауапкершілік-бұл адамның ар-намыс сезімінің негізі» - деген В.А.Сухомлинский[28]. Жауапкершілік және міндет сезімдерінің қалыптасуы отбасынан басталып, мектептен жалғасып, жоғарғы оқу орнында маңызды тәрбиелілік көрсеткішке айналады.

Адамның адамдар арасындағы өзін-өзі ұстауы, бақылауы көпшілік мойындаған нормалар мен құндылықтарға сәйкестігімен бағаланады. Нормалар, құндылықтар -бұл талап ету, орналастыру, адамның сол немесе басқа жағдайда не істеу керек екенін анықтайтын ереже. Норма адамның басқа адаммен, қоғаммен, ұжыммен қарым-қатынасының тәртібін білдіреді. Сол нормалар мен құндылықтар жалпыадамзаттық болып табылады. Сондықтан да оларды адамгершілік нормалар немесе адамгершілік мәдениет деп атайды. Бұл нормалар адамдар арасындағы қарым-қатынасты қадірлеу, өзара жәрдем беру, бір-біріне демеу болу және т.б жатады.

Адамгершілік нормаларын кейде моралдық нормалар деп атайды. Адамгершілік нормаларына жататын категориялардың жиынтығын **мораль** (*мораль* лат.тілінен аударғанда - *адамгершілік*) түсінігімен байланыстырады. Мораль әлеуметтік-қоғамдық түсініктің негізі және жеке адамның адамгершілік нысанына жатады. Мораль - адамның мінез-құлқын нормативті реттеуінің негізгі түріне жатады. Ол адамның мінез-құлқын, сана-сезімін қоғамдық өмірде, әлеуметтік ортада реттейді. Моралдық нормада жеке сендірулер, мотивтер, өзін-өзі бақылау ережелері жинақталған, яғни адамның сана-сезімін тәрбиелеуге маңызды рөл атқарады. Басқаша айтқанда, сана-сезім адамның өзін-өзі моральдық реттеушісі ретінде көрініс береді. Адамның моральды қабылдауы және оны іс-әрекетінде ұстануы оның адамгершілігі туралы мағлұмат береді.

Сонымен адамгершілік нормасы дегеніміз адамның мынадай мінез-құлық, әлеуметтік-психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін біріктіреді: мейрімділік, инабаттылық, адалдық, шынайылық, әділеттілік, еңбекқорлық, ұжымдылық, шығармашылық, жауапкершілік, қайырымдылық және т.б.

Адамгершілік мәдениет тәрбиесі азаматтық тәрбие мәселесімен өза тығыз байланысты. Азаматтық тәрбие азаматшылдықты қалыптастыруда тәрбиенушілердің мақсатты түсіну, қоғамдық өмірге деген құндылықты қарым-қатынас орнату, тұлғаның ішкі сезімінің бостандығы мен борышын құрайды. Азаматтық тәрбиені патриоттық және интернационалистік, ұлтаралық мәдени қарым-қатынас, экологиялық және экономикалық мәдениетпен түсіндіріледі. «Азаматтық сезім - жан дүниенің аса жоғары игі қозғалысы, олар адамды ұлық тұтады, қоғамдық сана-сезімді бекітеді, әділетті, абыройлы етеді. Адамның терең азаматтық дамуы оның жеке құндылығы, жеке өмірінің көрінісі; оның айналасында болып жатқан нәрселердің қоғамдық маңыздылығын түсінуге, өзінің жеке басына қатысты болмаса да, оның жан дүниесіне қатыстылығын түсіну» - деп атап көрсеткен Н.Ә. Назарбаев [29].

Қоғамдық өмірдің құбылыстарына құндылықтық қатынас қоғам дамуының тенденциялары мен жағдайына шынайы қызығушылықты, қоғамдық өмірге белсенді араласуға деген ұмтылысты, жеке еңбегі арқылы мемлекет саясатының әлеуметтік-экономикалық жоспарларын іске асыруға белсенді араласуды меңзейді. Азаматтық әр адамның құқығын, ол адамды мемлекеттің және қоғамның ең жоғарғы құндылығы ретінде мойындайды және сақтайды.

Тұлғаның ішкі бостандық сезімі оның ар-намысы негізінде өзін-өзі ұстау, бақылау, жетілдіру және жеке қажеттіліктерін саналы түрде қоғамдық нормалар мен құндылықтар негізінде жүзеге асыру біліктілігінде көрінеді. Азаматтық тәрбие - өзін-өзі тәрбиелеудің даналығы, құдіретті және еркіндікке итермелейді. Еркіндік, яғни ішкі жан дүниенің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын сыртқы ортада ешкімге қиянат жасамай өзін-өзі жүзеге асыру болып табылады. Өз еңбегінің нәтижелерін көру, шынайы мақтаныш сезімі мен басқа адамдардың оның еңбектегі жетістіктерін мойындауы – адам өмірінің басты тірегі. Дәл сол еңбекте адам өзін толыққанды азамат ретінде қоғамда орнықтырады.

Азаматтылықтың құрылымында тұлғаның өнегелілік сапалары ерекше орын алады. Азаматтық тәрбиетұлғаның өзін жүзеге асыру, әлеуметтік абыройға ие болу, басқа адамдардың ар-намысын сақтау - барлығы да тәрбие негізінде қалыптасып, адамды өмірде бақытты, өзін шығармашылық тұлға ретінде қабылдауына негіз береді.

2.2 Жоғарғы оқу орнындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарының жүйесі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамзат құндылығы негізінде білім алушылардың рухани-адамгершілік ұндылықтарын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзі-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қаралады.

ЖОО-дағы тәрбие ісінің тұжырымдамасында тәрбиелеу білім берудегі бірінші дәрежелі басымдық ретінде айқындалады, ал азаматтық жауаптылықты, құқықтық сана-сезімді, руханилық пен мәдениетті, бастамашылықты, дербестікті, тағаттылықты, қоғамдағы табысты түрде әлеуметтендіруге қабілеттілікті қалыптастыру маңызды міндеттер ретінде қаралады [30].

ЖОО тәрбиелеу жұмысының негізгі міндеті – тіршілік етудің негізгі: танымдық, кәсіптік, отбасылық, рухани-мәдени, қоғамдық-саяси салаларда өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, біліктілігі жоғары маманды даярлау. ЖОО-ның тәрбие кеңістігінде студенттерді тікелей ынталандыру кезінде басқарушылық ықпалмен тәрбие жұмысының барынша жоғары нәтижесіне қол жеткізу. Осыған байланысты білім алушылардың тұлғалық-кәсіптік қалыптасу проблемасына баса назар аударып, әлеуметтік ортада кездесетін жағымсыз жағдаяттардан (жемқорлық, оңай пайда табу, отбасына, баласына қиянат жасау (ажырасу, алименттен қашу) саналы түрде бас тарту, өзіне жауапкершілік ала білу, өмірде кездесетін қиындықтарды жеңу арқылы шыңдалу құндылықтарын қалыптастыру өзекті болып табылады. Бұл тұрғыда жүйелілік, практикалық-бағдарлық, ғылыми негізділік, болжамдық тәсіл қағидаттары негізінде әзірленетін тәрбиенің мазмұны мен ұжымдық нысандарын жаңарту аса мәнге ие болады.

Студентке жаһандану жағдайында дүниетанымдық қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру арқылы салауатты өмірлік бағдарды таңдауға және өзінің өзекті қажеттіліктерін құқықтық мәдениет шеңберінде жүзеге асыру - жоғары оқу орнындағы тәрбиенің негізін қалайды.

ЖОО-дағы тәрбие жұмысының негізгі қағидаттарының бірі студенттің өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға және жастарды әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін әрбір адамның құқығы мен жауапкершілігінің теңдігі қағидасын ескеру болып табылады.

Студенттердің өзін-өзі басқару нысандарын дамыту Қазақстанның Болон процесіне қосылуымен байланысты өзекті сипат алады, ал студенттің өзін-өзі тәрбиелеу, жетілдіру, ұйымдастыру тәрбие жұмысының негізгі талаптарының бірі болып табылады.

Қазақстан қоғамына, жұмыс берушілерге бүгінгі таңда белсенді өмірлік ұстанымы, көшбасшылық қасиетті бар, жаһандық танымға икемді, халықаралық ынтымақтастыққа құзыретті, иманды, іскер жас адамдар қажет.

Кез келген ЖОО уақыт талабымен алға қойылған міндеттерді жеке тұлғаны дамытудың мазмұнын, әдістері мен нысандарын жаңарту, оқу орнының нақты жағдайлары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбие жұмысының жүйесін жаңғырту арқылы ертеңгі күннің талабына сай жастарды тәрбиелеу жолын іздестіруде.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деген Әл-Фараби бабамыз. Олай болса, өз тағдырын өзі шешуге қолын енді жеткізген халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыруға ат салысатын жастарды тәрбиелеу бүгінгі күннің басты мәселесі.

Қазіргі кезде әрбір адамның негізгі күші білімде (білімді мыңды жығады) болғандықтан, жастайынан халықтың тарихи-этникалық мұрасын, ұлтының әдет-ғұрып өнегесін, салтын сақтауға, саналы көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық мақтанышын туғызуға және жағымсыз қылықтар мен ықпалдардан өзін сақтай алатын жастарды тәрбиелеу бір жағынан педагогтардың міндеті болса, екінші жағынан ол әрбір адамның өзіндік міндеті болмақ.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Өзіміздің және ұрпақтарымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз қажет. Бұл бәрінен бұрын еліміз үшін және елдің жетістіктері үшін үлкен мақтаныш», – деп көрсетілген [31]. Барлық азаматтардың тең құқығы мен отанымыздың абыройын сақтау үшін жастардың жауапкершілігімен қазақстандық патриотизм сезімдерін нығайту мақсатында отбасындағы және білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмыстарын халық педагогикасы негізінде жандандырудың бүгінгі күннің маңызы міндеттерінің бірі болып табылады.

Студент жастардың жемқорлыққа қарсы тәрбие жұмыстары отбасында, орта білім беру жүйесінде жүргізілген жұмыстармен сабақтастықта әрі қарай жалғасын табады. Жоғарғы оқу орнына келген бірінші курс студенттерімен жемқорлыққа қарсы тәрбие жұмысында олардың жалпы түсініктерін анықтай отырып, жемқорлықтың себептері, оны тудыратын фактлоары, түрлері және оның адам өмірі үшін қаншалықты қауіпті екені туралы таным-түмініктерін кеңейту. Ал, 2-3-ші курстарда жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыра отырып, олар өз еркімен ішкі рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде оңай пайданан, «ауырдың үстімен, жеңілдің асынан жүру» қағидасынан таза болуды қалыптастыру. Өмір сынақ, әрқашанда әрбір адамның алдынан таза жолдан тайдыру себептері кездеседі, сондай кезде әр адам өзіне жауапкершілік алып, одан бас тартқанда, елде тәртіп орнығады. Бұл міндетті арнайы пәндердің шеңберінде (заң психологиясы, девиантты мінез-құлық психологиясы, дінтану, әлеуметтану, құқық негіздері, саясаттану, педагогика т.б.), сонымен қатар

жүргізілетін тәрбие сағаттарында үнемі ескерілген жөн. Қазіргі кезде жемқорлықпен (коррупция) күресу мәселесі өзекті болғандықтан тәрбие жоспарына әртүрлі формада ұйымдастырылатын іс-шараларды енгізу арқылы студенттердің осы мәселе бойынша толық жүйелі құндылықты қатынасын орнатуға болады. Жемқорлыққа қарсы тәрбие жұмыстарының негізгі элементтері төмендегі 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1

Білім беру жүйесіндегі жемқорлыққа қарсы тәрбие жұмыстары

Курс	Тәрбие жұмысының міндеттері	Тәрбиелік іс-әрекеттің мазмұны	Тәрбие жұмысының негізгі формалары
1-2	Қоғамда қабылданған нормалар мен ережелер негізінде өмірде кездесетін міндеттерді (сынақтарды) құқықтық мәдениет негізінде шешу құзіреттілігін қалыптастыру	Тәртіпті сақтай отырып жетістікке жету	Арнайы практикумдер, таңдау пәндері, ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстары негізінде
3-4	Студенттердің коррупцияға қарсы дүниетанымын қалыптастыру, өмірге құндылықты көзқарас орнату	Коррупция –құқық бұзушылықтың бір түрі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның өміріне үлкен қауіп ретінде	Сабақ, дебаттар, дискуссия, тәрбие сағаттары, әңгімелесу, кеңес беру

Студенттермен тәрбие жұмысында пікір алмасу, дебаттар, әлеуметтік-психологиялық тренингтер т.б. интерактивті әдістерді қолдана отырып жүргізген жұмыстардың нәтижесі тиімді болмақ. Осындай әдістер арқылы 1-курс студенттерінің жемқорлық сияқты жағымсыз құбылысқа деген көзқарасын анықтауға және оған деген теріс қатынасын қалыптастыруға негіз береді. 3-4х курс студенттерімен «Біз коррупцияға қарсымыз» тақырыбында жүйелі жүргізілген тәрбие жұмыстары нәтижесінде олардың өмірге құндылықты көзқарастарын қалыптастыру, дұрыс шешім қабылдау, өзіне жауапкершілік алу сияқты қасиеттерін нығайтуға болады.

Тәрбие жұмыстары кезінде төмендегі мәселелерді талқылау белгілі бір тиянақты шешім қабылдау мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік береді:

- ЖОО оқу орнына түсу;
- Жатаханадан орын алу, онда өзін-өзі ұстай, бақылай білу;
- Емтихандарды тапсыру;

- Жол ережелерін, моралдық нормаларды сақтау;
- Әлеуметтік төлем ақыларды алу, сыйақыларды бөлу;
- Анықтама, жолдамалар алу;
- Дау, жан-жалдарды шешу;
- Кіші кәсіпкерлік іс-әрекеттерді құру, ұйымдастыру т.б.

Осы және тағы да басқа өзекті мәселелер, тақырыптар бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстарында іскерлік ойындарды, әлеуметтік-психологиялық тренингтерді, дискуссия мен диспуттарды т.б. интерактивтік әдістерді қолдану арқылы студенттердің мәселеге байланысты ішкі позицияларын, қатынасын, таным-түсінігін анықтауға, түзетуге мүмкіндіктер береді. Куратордың (эдвайзердің) студенттермен жүргізетін тәрбие жұмыстарының жоспарында әрбір студенттің жеке көзқарасын, жемқорлық (құқық бұзушылық) мәселесін шешуге бағытталған әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданылып, нәтижесінде теріс әлеуметтік-психологиялық ауытқушылықтардан студент өз еркімен бас таруға әкелу қажет. Әрине қалыптасып қалған теріс қылықтардан, әдеттерден жылдам арылту оңай есем. Бірақ студенттің қалауымен, оның ішкі қажеттіліктері ескеріліп, жүйелі жүргізілген әлеуметтік-психологиялық ықпал ету әрекеттері өзінің тиімді нәтижесін береді. Студент институт қабырғасында төрт жыл оқиды, сол уақыттың ішінде мақсатқа бағыттала жүргізілген жұмыс оның өмірлік позициясын, даралық-тұлғалық сапаларын, мінез-құлық ерекшеліктерін, қарым-қатынас жасау дағдыларын өзгертуге мүмкіндік береді.

Куратор (эдвайзер) сенімді, ашық әңгімелесу әдісін сауатты қолдану нәтижесінде студенттердің дүниетанымына, өмірлік құндылықтар жүйесіне, сыбайлас жемқорлық мәселесіне қатынасын өзгертуге әсер ете алады. Қазіргі кезде көптеген адамдар оңай олжа табу, аз еңбек етіп, көп ақша табу жолдарын іздейді. Солардың ішінде студент жастар да кездеседі. Осындай студенттерді дұрыс жолға бағыттаудың бір тәсілі – ашық, сенімді әңгімелесу. Тәрбие жұмысының әдісі ретінде әңгімелесу бірнеше кезеңдерден тұрады. Соларға тоқталып өтейік:

Кезең 1 «Әңгімеге шақыру» студентті әңгімелесуге, сыр шертуге деген мотивациясын тудыру. Ол үшін өзекті мәселе бойынша студенттің қызығушылығын тудыру, әңгімеге өз еркімен пікірін білдіруге ынтасын ояту. Эдвайзер болашақ әңгіменің жоспарын, туындайтын сұрақтары мен оның жауаптары бойынша алдын ала дайындалып алып, студенттің мәселеге деген қызығушылығын көтермелеу. Әңгіме кезінде эдвайзер студенттің қаншалықты тыңдап және мәселенің маңыздылығын түсініп отырғанын қадағалауы қажет. «Мен кіммен сөйлесіп отырмын?», «Сен мені тыңдап отырсың ба, әлде басқа бірдеңе ойлап отырсың ба?», «Қалай түсінбейсің бұл өте маңызды ғой» т.б. сұрақтармен студентті ашық әңгіме шақыру – дұрыс емес. Талқыланатын сұрақ айтушыға да, оны естушіге де маңызды және қызықты болғаны жөн. Бос әңгіме өмірде толып жатыр, ал ашық, өзара түсіністіктегі рефлексивті қарым-қатынас

сирек болады. Өйткені әңгімелесушілердің сөйлесу мәдениеті төмен болуы немесе сөйлесуге деген ниеті болмауы мүмкін. Куратор әңгімелесетін уақытты, орынды дұрыс таңдағаны жөн. Өйткені осы екі фактор әңгімелесудің сапасына ықпал етеді

Кезең 2 «Көзқарас немесе өзіндік пікір» әңгімелесушілердің әңгіме тақырыбына деген қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Әңгіме тақырыбына студенттердің көзқарасын біліп алмайынша жемісті нәтиже алу мүмкін емес. Сондықтанда арнайы сұрақтар арқылы кері байланыс орнатып алып, мәселенің маңызды жақтарына көшу қажет. Әр кезде студенттердің пікірлеріне, мәселеге қатынасын бақылай отырып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Ең алдымен студенттердің алған әсері мен жеткен нәтижелеріне көңіл аудару маңызды. Өйткені олар әңгімеден кейін ой толғап, тек қана әрбір студент өзіне ғана тән түйін жасайды. Маңыздысы сол түйгеннен кейінгі мінез-құлық пен қатынастағы оңтайлы өзгеріс.

Кезең 3 «Ақпараттық баяндама» белгілі бір фактілермен дәлелденген ақпаратты ортаға салу. Ой-пікірді ортаға салудың келесідей нұсқалары болады:

- Педагогтің, студенттердің қонақтардың пікірі;
- Кино және бейне фильмдер ақылы;
- Дискуссияларды ұйымдастыру арқылы;
- Оқу, көпшіліктің алдында оқып беру арқылы;
- Топтық ақпарат беру арқылы.

Бұл кезең әңгімелесудің маңызды және біршама ұзақ уақытты талап етеді. Оның басты мақсаты – ақпараттық қары-қатынас (ақпарат алмасу) болып табылады. Бір ақпарат бойынша бірнеше көзқарастар айтылу мүмкін немесе сөздері мен дауыс ырғақтары өзгеріп әртүрлі эмоциялық тонға түсуі мүмкін. Эдвайзер осы ерекшеліктерді ескере отырып, ортақ түсіністікке бағыттап отыруы қажет.

Кезең 4 «Өзара түсіністік» әңгімеге қатысушыларды бірін-бірі мұқият тыңдап, өзара түсіністікте ақпарат алмасуға дағдыландыру. Ол үшін эдвайзер әңгімелесуші студенттерді жайлы дауыс ырғағымен арнайы сұрақтар, толықтырулар арқылы әңгімеге бағыт-бағдар беріп отырады. Әңгіменің тақырыбы басқа мәселелерге көшіп кетпеуін, әңгіме кезінде кейбір эмоциялық қалпы тұрақсыз студенттердің жайсыз пікірлерін, көзқарастарын қалыпты деңгейде ұстауға ықпал етеді.

Осы кезеңнің маңызды бөлігі әңгімелесуші студенттердің бір-біріне сұрақ қоя білу мәдениетін нығайту болып табылады. Дұрыс қойылған сұрақ мәселені тереңірек талдауға, одан маңызды түйін шығаруға, ой толғауға мүмкіндік береді. Ертеде Грек философтары адамның мәдениеттілігінің бір көрсеткіші ретінде оның сұрақ қоя білу өнерін қарастырған екен. Қарап отрысақ, одан бері көп уақыт өтседе әлі көп адам дұрыс сұрақ қоя білу өнерін игермеген екен. Дұрыс қойылған сұрақ, оны мұқият тыңдап, ойланып берілген жауап мәселені жылдам және тиімді

шешудің қысқа жолы. Тәрбие жұмыстары кезінде осы принципті басшылыққа алған кураторлар үлкен жетістікке жетеді.

Кезең 5 «Ортақ пікір шығару (түйін жасау)» Бұл кезде айтылған пікірлер бойынша белгілі бір түйін жасалынып, қортынды шешімге келеді. Бұл кезеңнің маңыздылығы жасалынған түйіннен нәтижеге көшу, яғни қабылданған ортақ шешім бойынша енді оны жүзеге асыру үшін қимыл-әрекеттер жасайды (мінез-құлқын, қарым-қатынас жасау дағдыларын қайта қарап, оны өзгеруге әрекеттер жасау т.б.). Бұл ертеңгі күнге жоспар жасау, болашақта болатын өзгерісті болжау т.б. тиімді өзгерісті сезіну мен оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру болып табылады.

Мысал ретінде студенттермен жүргізілетін әңгімелессудің тақырыптарын келтірейік:

1. Қоғамдағы құқықтық мәдениет жемқорлықтың алдын алу шарты ретінде.
2. Жемқорлық тұлғаны азғындаушы әрекет.
3. Оңай олжаны алғың келген тілекпен қалай күресуге болады?
4. Этика және құқық, адамгершілік және пайда.
5. Жемқорлықтың кері айналып келіп тиер зияны.
6. Қоғамдағы әділдік, ар-ожданымдағы әділдік т.б.

Сонымен бірге, мысал ретінде студенттермен жүргізілетін кураторлық сағаттардың күнтізбелік жоспарын ұсынамыз:

Кесте 2

Кураторлық сағаттардың күнтізбелік жоспары

Р/С	Тақырыбы	Мерзімі	Кураторлық сағат	Көрнекі құралдары, дәлелді құжаттары
1	Студенттердің ар-намыс кодексінің талаптарын талқылау, тәртіп бұзған студенттермен жұмыс жүргізу шаралары, топтағы оқу озаттарын, белсенді студенттерді алғыс хаттармен марапаттау.		Пікір алмасу сағаты	Хаттама, Институттың ішкі талаптары мен ережелері, слайдтар

2	Мемлекеттің стратегиялық бағдарламалары туралы (ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауы талқылау)		Талқылау сағаты	Хаттама, баяндама мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
3	Салауатты жастар – салауатты болашақ		Пікір алмасу сағаты оған кеңес беретін дәрігерлерімен кездесу	Хаттама, баяндама мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
4	«Адамгершілік – асыл қасиет» (ойшылдардың, философтардың адамгершілік туралы афоризмдерін талдау)		Пікір алмасу сағаты	Хаттама, тақырыптық афоризмдер, слайдтар
5	Қазіргі жастардың ұлттық тәрбие мәселесі мен ұлттық салт дәстүрлерге қатынасы		Пікір алмасу сағаты	Хаттама, баяндамалар мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
6	Ғаламтордың пайдасы мен зияны		Пікір алмасу сағаты	Хаттама, баяндамалар мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
7	Қазақстандағы экономикалық және рухани дағдарыстардың себептері		Пікір алмасу сағаты	Хаттама, баяндама мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
8	Жастарға әсемдік жарасады (ішкі		Әдеби-музыкалық	Хаттама, слайдтар,

	сұлулық жайлы ой бөлісу)		тәрбие сағаты	сценарий, тақырыптық суреттер
9	Еркін болу құқығы (құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениет мәселесі)		Пікір алмасу сағаты	Хаттама, слайдтар, сценарий, тақырыптық суреттер
10	Көркем фильмдердің тәрбиелік мәні мен маңызы (жастардың талғамы мен қажеттіліктері мәселесі)		Пікір алмасу, кеңес беру	Хаттама, слайдтар, сценарий, тақырыптық суреттер
11	Тұлғаның ішкі тәртіп ережесі және еліктеу механизмі		Пікір алмасу, ой бөлісу сағаты	Хаттама, слайдтар, сценарий,
12	Абайдың қара сөздеріндегі патриотизм мәселесі		Пікір алмасу, талқылау сағаты	Хаттама, баяндама мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
13	«Құқық – әділет пен парасат жолы»		Пікір алмасу, сағаты	Хаттама, баяндама мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
14	Ер есімі ел есінде (Отан үшін ерен еңбек еткен, ерлік жасаған батырларға құрмет)		Пікір алысу сағаты	Хаттама, баяндама мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер
15	"STOP CORRUPTION" атты пікір-сайыс турнирі		Пікір алысу сағаты	Хаттама, баяндама мәтіні, слайдтар, тақырыптық суреттер

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы болашақта өзін зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде орнықтыруды мақсат етіп отыр. Бұл мақсатты жүзеге асырудың тетігі жастар екендігі белгілі. Сондықтан да жастардың құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған заңдарда, ең алдымен жастардың құқықтық білімі мен тәрбиесін жетілдіруге бағытталған шаралар қажет. Құқықтық тәрбие беру жас адамның жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары патриоттық сезіммен отанына, еліне, жеріне адал болу, адал қызмет ету мәселесін нығайтуды міндет етеді. Мемлекетіміз жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау — ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық дүниеге деген қызығушылықтың жоғарылығы мен рухани игіліктерге деген қажеттіліктің болмауы қоғамға жат қылықтар жасауға негіз береді. Сондықтан да әр бір жас адамның санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің басты міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастыру қажеттігі бүгінгі өзекті мәселеге айналып отыр. Қоғам үшін ең қымбат қазына — адам, адамның бостандығы мен өмірі. Бүгінгі жастар осы қымбат қазынаны бағалай білуі тиіс. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастыру тәрбиенің негізгі мақсатына айналуы қажет. Бала кезінен мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу арқылы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға болады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аударып былай деген: «Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылатын кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл».

Олай болса, жалпы білім беру жүйесі құқықтық мәдениетті қалыптастырудың алтын бесігі, негізгі саласы болып табылады.

Әрбір жас адамның әлеуметтік-құқықтық тәжірибесін қалыптастыру проблемасы мектеп практикасында әлі терең шешімін таба қойған жоқ, жоғарғы оқу орнында көп көңіл кәсіби білім беру мәселесіне арналады да, ал тәрбие жұмыстары рухани-адамгершілік, салауатты өмір салты мәселелері төңірегінде ұйымдастырылады. Сондықтанда бүгінгі күні құқықтық тәрбиеге баса назар аударатын уақыт келіп жетті. Қандай білімді болып өндіріске келген жас мамандар құқықтарын қорғай алмай, бостандықтарын пайдалана алмай, кейде

сыбайлас жемқорлықтың қармағына ілігу немесе басқа да өкінішті жағдаяттарға душар болып жатады. Мұның бәрі олардың құқықтық сауатсыздықтарынан екенін түсінеді.

Қазіргі кезде жастарға өмірдегі қоғамның қарым–қатынас заңдылықтарын терең ажырата алу үшін құқықтық сана, құқықтық мәдениет қажет.

Құқықтық тәрбие сан қырлы күрделі процесс, ол жалпы және арнаулы білімдер мен әлеуметтік-психологиялық ықпалдарды (тәрбие жұмыстары, іскерлік ойындар, дискуссиялар, тренингтер, пікір алмасулар т.б.) қамтитын тұтас жүйе. Жастарды қоғамдық пайдалы тәртіпке, құқықтық санаға негізделген әлеуметтік белсенділікке жетуін қамтамасыз ету мемлекеттік бағдарламалардың басты мақсаты болғанымен, жергілікті жерлерде (мектептерде, ЖОО-да) нақты іс-шаралар жүргізу баяу.

Жастық шақтың басты ерекшелігі — адамның жаны мен тәнінің сапалық, сандық жағынан елеулі өзгерістерге жеңіл түсуінде. Студенттік жаста адамның қоғамдық белсенділігі артады, сана-сезімі өседі, психикасы шындалып, нығая түседі. Ол қоғамнан өз орнын табуға тырысады, қоршаған ортаға сын көзбен қарайды. Олар өздерінің мүмкіндіктерін бағалау, оны таңдаған мамандықтары негізінде жүзеге асыру, рухани өмірге қызығу, қоғам мен тұлғаарасындағы байланыс, қақтығыс, дағдарыс т.б. заңдылықтарды саналы түрде түсіну арқылы кемелдену немесе ауытқушылықтарға жол беру тәжірибелерін бастан өткізеді. Сол арқылы тәжірибе жинақтайды. Мұның бәрі оның күшті, епті, ширақ, оңтайлы болып өсуіне және түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, құқықтық ережелерді бұзбай, кездесетін кедергілерді жеңіп, өзіне жауапкершілікті алуға үйретеді.

Жастарға құқықтық тәрбие беру, қоғамдық қарым-қатынастағы заңды және әлеуметтік мәселелердің саяси мәнін жан-жақты, әрі терең түсінуіне негіз жасайды. Бұл тәрбиеленушінің «көзі ашық» қоршаған дүниенің әлеуметтік, экономикалық, саяси, психологиялық, идеологиялық құбылыстарының заңдылықтарын түсіну арқылы жаңа өзгерістерге уақытында бейімделіп отыруына негіз береді.

Құқықтық құбылыс, құқықтық ұғым және құқықтық категория жастардың заң негіздегі құқықтық сауаттылығын ашу үшін 6-7-ші сыныптардан бастап арнаулы оқу-әдістемелік құралдар арқылы мектепті бітіргенге дейін, одан кейін ЖОО орнындағы оқу-тәрбие жұмысында жалғасын табуы қажет. Сол мақсатта осы оқу құралы дайындалып, оны жастар тәрбиесімен айналысатын мамандарға арналып отыр.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Интернет ресурс : <http://bnews.kz/ru/news/post/278254>
2. Интернет ресурс: <http://bnews.kz/ru/news/post25854>
3. Ағыбаев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы 2013. 286 б.
4. Амеркулов Б.А. Криминологическое направление предупреждения противоправного поведения // Повышение правосознания правовой грамотности граждан в условиях развития правового государства и демократизации общества: мат-лы междунар. науч.-теорет. конф.
5. Интернет ресурс: <http://online.zakon.kz>
6. Куламбаева К.К. Об особенностях формирования правовой культуры как элемента общей культуры граждан //Перспективы государственно-правового и социального развития Республики Казахстан:Материалы Международной научно-практической конференции.-Костанай:КЮИ МВД РК,2001.-С.99-102.
7. Кузнецова Н.Ф. Проблемы криминалистической детерминации.-М.; МГУ. 2006. 381 с.
8. Долгова А.И. Социально-психологические аспекты преступления. –М.; Слова. 2002. 316 с.
9. Лебедев С.Я. Традиции, обычай и преступность.-М.; 2005. 267 с.
10. Волженкин В.В. Правовая культура и преступное поведение. Красноярск. 2008. 220с.
11. Николаев С.М. Понятие и сущность антикоррупционного воспитания // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. - 2011. - № 7 - 2. - С. 159 - 162.
12. Интернет ресурс: <http://bnews.kz/ru/news/post/257512>
13. Шиханцов Г.Г. Юридическая психология. –М.; ЗЕРЦАЛО 1999. -352 с.
14. Васильев В.Л. Юридическая психология. СПб Питер, 2009. -560
15. Жаңабаева М.К. Жастардың құқықтық әлеуметтенуінің кейбір мәселелері. // Қаз ҰУ Хабаршысы- 2003, 45 б.
16. Шиханцов Г.Г. Криминальная психология. –М.; Юридическая литература. 2001. 326 с.
17. Ағыбаев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы 2013. 286 б.
18. Гладких В. И. Коррупция: генезис, детерминанты и пути преодоления. – 2001. –№ 3. – С. 42 - 46.
19. Каирова Б.К. Әдеуметтік психология. Костанай, 2008. 100б.
20. Еникеев М.И. Основы общей и юридической психологии.-М.; 2007. 544 с.
21. Амиров, Д. К. Амирова Антикоррупционное и правовое воспитание: Учеб. пособие для учащихся 10-11 кл. общеобразоват. учреждений, студентов колледжей и вузов. – Казань, 2010;

22. Сафронова И.В., Фокеева И. М. Формирование антикоррупционной нравственно-правовой культуры: методическое пособие /науч. рук. В. И. Пискарёв. – Казань, 2010.
23. Криминалистика. Оқу құралы //Жәкішев Е.Ғ., Алматы «Жеті Жарғы» - 2006. 143 б..
24. Большая юридическая энциклопедия.//Составители- В.В.Авасян, С.В.Андреева, Е.В. Белякова. –М.: Изд.Эксмо, 2005. –455 с.
25. Нұртаев Р.Т. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері.//Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы № 3 2015. Б-13-21.
26. Замалетдинов Р.Р., Ибрагимова Е. М., Формирование антикоррупционной культуры у школьников: Учеб. пособие для учащихся 10-11 кл. общеобразоват. учреждений. – Казань, 2010;
27. Долгова А.И. Криминалистика. Учнбное пособие.-Воронеж. 2002. -411 с.
28. Сухомлинский В.А. Рождение гражданина. //Мукажанова Р.А. Руководство для тренера. Алматы. 2015. 163 с.
29. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Ақиқат ұлттық-қоғамдық-саяси журналы. № 6. (21). 2013.
30. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңы.
31. Интернет ресурс: <http://bnews.kz/ru/news/post/277519>

ГЛОССАРИЙ

АВТОРИТАРИЗМ – жеке адамның билігіне негізделген, басқаруда күшке сүйенетін мемлекеттік-саяси тәртіп. Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент болғанымен ол кеңесші органға айналады. Тоталитарлық тәртіппен салыстырғанда мұнда көпшілік партия, бірыңғай идеология болмайды және экономика бақылауға алынбайды. Тоталитарлық тәртіптің басқа белгілері негізінен сақталады. Ол көбіне саяси жағдайға белсене араласатын әскер күшіне сүйенеді. Мемлекеттің сайлау органдары шектеледі.

АГРЕССИЯ – басқа елдердің жерін тартып алу, егемендігінен айыру немесе шектеу, халқын күшпен бағындыру мақсатымен қарулы шабуыл жасау.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз ететін қоғамның күйі. Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тудырған қауымдастықтар (қоғамдық, кәсіби, шығармашылық ұйымдар, ассоциациялар және т.б.) азаматтардың өндірістік және жеке өмірі, әдет-ғұрыптары, салттары кіреді. Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына шек қойылады. Онда адамның халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары сақталады.

АДАМ – жер бетіндегі тірі организмдердің жоғарғы сатысы, саяси-қоғамдық қатынастардың негізгі субъектісі мен объектісі.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ – белгілі бір игілік алуды, өмір сүруді қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастары, кепілдіктері.

«АЙДАР ТАҒУ» ТЕОРИЯСЫ – (негізін салған Дж.Г.Мид) мағынасы адамға лақап ат тағу. Ол оң және теріс мағынада болуы мүмкін, мысалы «бос кеуде», «жарым ес», «түк білмес», т.б. қоғам мүшелері тарапынан болған айыптаулар адамды девианттылық жолға түсуіне себеп болады, немесе мадақтау арқылы адамның өзін тиімді жүзеге асыруына негіз береді.

АНОМИЯ – (ғылыми айналымға енгізген француз әлеуметтанушысы, юрист Э.Дюркгейм) қоғамдағы адамгершілік құндылықтар жүйесі, құқықтық нормалардың бұзылуы, адамдардың тәртіпсіз мінез-құлық, заңсыздық әрекеттер жасауын білдіретін термин.

АУЫТҚУШЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – (девиантты) топтағы, қоғамдағы жеке тұлғаның немесе тұлағалардың құқық (жалпы адамгершілік нормаларды)

бұзушылық мінез-құлық, бұл қоғамның моральдық және құқықтық талаптарына қарсы жасалатын әрекеттердің жиынтығы. Оның девиантты, делинквентті, аддиктивті, агрессивті, деструктивті т.б. түрлері болады.

БЕЙІМДЕЛУ – жүйенің сыртқы және ішкі орта жағдайларына икемделу үрдісі.

БЕЙТАРАПТАНДЫРУ – девианттық мінез-құлықты жалғастыруға мүмкіндік беретін жауапты реакция. Девианттық әрекеттер жасайтын адамдар, көп жағдайда жауапкершіліктен бас тарту, келтірлегі залалдан бас тарту, жәбірленушіні айыптау және бұл девианттық әрекетті айыптаушыларды сынау сияқты тәсілдер (техникалар) көмегімен өзінің кінәсін бейтараптандыруға тырысады.

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ – жеке тұлғаның әр түрлі әлеуметтік құралдардың көмегімен өзгерген ортаға белсенді түрде бейімделу үрдісі.

Гуманистік психология – ХХ ғасырдың 60жж. батыста пайда болған және психологияның негізгі пәні жоғары көріністерінде, құндылықтары мен мағыналарында қарастырылатын адам болуы қажет деп есептейтін психология ғылымындағы бағыттардың бірі. Г.п. көрнекті өкілдері – А. Маслоу, К. Роджерс, Г. Олпорт т.б.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ, ПРОБЛЕМА – субъектілермен (жеке тұлғалармен, топтармен және т.б.) сезілетін әлеуметтік қайшылық, бұл олар үшін маңызды болып табылатын, бар мен болуы тиіс нәрсенің, қызмет нәтижелері арасындағы сәйкессіздік, ол мақсатқа жетуге арналған құралдардың жеткіліксіздігінен немес болмауынан, осы жолдағы кедергілерден, әр түрлі қызмет субъектілерінің мақсаттары арасындағы күрестен пайда болып, әлеуметтік қажеттіліктердің қанағаттандырылмағандығына әкеледі.

ӘЛЕУМЕТТІК САНКЦИЯЛАР – қоғамның, әлеуметтік топтың интеграциялануы, оның мүшелерінің әлеуметтенуі қызметін атқаратын және соңғыларына нақты әлеуметтік әрекеттерді қолданатын әлеуметтік бақылаудың оперативті құралдары.

ӘЛЕУМЕТТЕНУ – тұлғаның қалыптасуы, жеке тұлғаның құндылықтарды, ережелерді, ұстанымдарды, сол қоғамға, әлеуметтік қоғамдастыққа, топқа тән мінез-құлық үлгілерін үйрену және меңгеру үрдісі.

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ – бұл зерттелінетін әр түрлі әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени және т.б. қоғамда болып жатқан құбылыстар туралы жаңа мәліметтер алу мүмкіндігін беретін теориялық және тәжірибелік процедуралардың жүйесі. Әлеуметтік зерттеулер жүргізу объективті себептермен

туады, әдетте, ол дамудың анағұрлым сәйкес күйіне басқару нысанын айналдыруға бағытталған, басқару шешімдерін қабылдау қажеттілігімен байланысты.

ӘЛЕУМЕТТІК ҮЛГІ – аса тұрақты, қандай да бір әлеуметтік нысан (адам, топ , құбылыс) туралы сызбаланған көрініс.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР – адами мәдениетпен қалыптастырылған және қоғамдық сананың өнімі болып табылатын адамгершілік және эстетикалық талаптары.

ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – қандай да бір қоғамдағы әлеуметтік мінез-құлық нормаларына қайшы келетін (ауытқитын) әрекеттердің жасалуы.

ДЕВИАНТТЫЛЫҚ – әлеуметтік құбылыс, бұл қоғамда ресми белгіленген немесе іс жүзінде қалыптасқан ережелерге сай келмейтін адам қызметінің көпшілік және тұрақты формаларына қатысты байқалады.

ДЕЛИНКВЕНТТІК СУБМӘДЕНИЕТ – девианттық мінез-құлықты түсіндіру барысында қолданылатын ұғым, ол девианттық мәдениет – жекелей алғанда жастар тобымен азшылдардың кері позицияда және депривацияда байқалатын әлеуметтік әсердің қалыптасуын көрсетеді.

ДЕЛИНКВЕНТТІК – (құқық бұзушылық) бұл термин қарапайым тентектіктен ұрлық сияқты қылмыстық әрекеттерге дейінгі құқықтық және әлеуметтік нормалардың әр түрлі бұзылуларын қамтиды.

ДЕПРИВАЦИЯ – шектетілу, әлеуметтік игіліктерге қатынарудың теңсіздігі.

ДЕПЕРСОНАЛИЗАЦИЯ(латынша – бөлектеу, қашықтату + жеке адам) жеке адамның құлдырауы, өзіндік «мен»-ге байланысты түйсіктерінен айырылуы.

ДЕТЕРМИНИЗМ(латынша – себетілік) – еш нәрсе жайдан-жай пайда болмайды, ол белгілі бір себептермен пайда болатыны жөніндегі ілім. Бұл идеяны ежелгі грекияда пайда болып, одан бергі барлық жаратылыстанулық-ғылыми және философиялық оймен бірге дамып келеді. Негізін салғандар Демокрит және Епикур барлық нәрсе қажеттіліктен туындайды және ол бір түрден екіншіге, бір қасиеттен, екіншіге ауысып отырады.

КОНСТИТУЦИЯ – мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негізгі қағидаларын, принциптерін білдіретін негізгі заң.

КОРРУПЦИЯ – 1) мемлекеттік және саяси қайраткерлерді, министрлерді, парламент мүшелерін, шенеуніктерді және т.б. параға сатып алу; 2) лауазымды адамдардың жеке басын байыту мақсатында өз қызметін қылмыстық жолмен пайдалануы, парақорлығы, сатылғыштығы.

КОРРУПЦИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ – іс-әрекеттің түрлеріне, өрісіне қарай — әкімшілік, саяси, жеке тұлғалық, дүниежүзілік болып бөлінеді.

КОРРУПЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ — қылмыстық әрекеттің бір түрі, қылмысы үшін тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және тағы да басқа жауапкершілікке тартылады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ – демократиялық жолмен қабылданған заң үстемдік ететін, оның алдында бәрі де тең саналатын, жеке адамның құқықтары жан-жақты қамтамасыз етілетін мемлекеттік құрылыс.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ – қоғамдық ортада қабылданған құқықтық нормалар мен құндылықтарға құрметпен қарау, мінез-құлқын құқықтық нормалар негізінде реттеу.

МАРГИНАЛДЫҚ – мәдениет аралық байланыстар, әлеуметтік және технологиялық ығысулар және т.б. факторлар ықпалымен нормативтік-құндылықтар жүйесінің босануы нәтижесінде пайда болатын, тұрақты әлеуметтік құбылыстарға қатысты сипаттама.

МАСКҮНЕМДІК – спирттік ішімдіктерді жүйелі түрде пайдалану нәтижесінде дамитын созылмалы дерт, ол алкогольден физиологиялық және психологиялық тәуелділік арқылы білініп, тұлғаның әлеуметтік және психологиялық құлдырауына әкеледі.

НАШАҚОРЛЫҚ – медицинада – дерт, әлеуметтануда – ауытқыған мінез-құлық түрі.

ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР – әлеуметтік әрекетке жалпы көрсеткіш болып табылатын тиісті мінез-құлықты күту; жеке тұлғалар мен топтарды әлеуметтік реттеу құралдары.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – адамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері.

НИГИЛИЗМ – жалпы қабылданған заңдық ережелер, қоғамдық саяси

өмірдің тәртіптерін және т.с.с. жоққа шығару. Саясатта оны жақтаушылар қалыптасқан саяси қазыналарға, партиялар мен саяси қайраткерлердің іс-әрекетіне қарсы болып, қабылдамайды.

СУБМӘДЕНИЕТ – қандай да бір әлеуметтік немесе демографиялық топтың мәдениеті, құндылықтар, ұстанымдар, әлеуметтік топтың, бүтін бір қоғам немесе ұйымның құрамдас бөлігінің өмірлік стилі мен мінез-құлығының тәсілдерінің жүйесі.

ТЕРРОРИЗМ - саяси себептермен жеке адамдарды, көпшілікті қорқыту, жазалау мақсаттарындағы қылмыстық әрекет.

ТОЛЕРАНТТЫҚ – басқалардың пікіріне, сеніміне, тәртібіне шыдамдылық көрсету, саясатта алуан пікірлікті, оппозицияның кең мағынасында жұмыс істеуіне мүмкіндік беруді, олардың ой-пікірлеріне түсіністікпен қарауды білдіреді.

ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ – тұлғаның өмірлік мақсаттары және осы мақсаттарға жетудің негізгі құралдары болып табылатын және осының әсерінен жеке тұлғалардың әлеуметтік мінез-құлықтардың маңызды реттегіштері қызметіне ие, әлеуметтік құндылықтар.

ТӘРБИЕ– қойылған мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара тиімді іс-әрекеттері (достастық).

ТӘРБИЕЛІК ҮРДІС– ол өзіндік даму, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі іске асыруға бағыттау мақсатында педагогтар мен балалардың өзара іс-әрекеттері.

ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫС– ол анағұрлым толық өзіндік дамуы мен өзін-өзі табысты көрсету мақсатында ересектер мен балалардың бірлескен тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру жөнінде мақсатты бағытталған қызмет.

ТӘРБИЕЛІК ЖҮЙЕ– 1) тәрбиенің негізгі компоненттерінің өзара іс-қимылдары үдерісінде туындайтын (мақсаттар, субъектілер, олардың қызметі, пікірлесу, қарым-қатынас, материалдық база) және ұжымдық өмір бейнесі ретінде интегративті сипаттамалар мен оның психологиялық жағдайы (Л.И.Новикова) қамтылған тұтас әлеуметтік организм; 2) өзінің басты қызметі – тәрбиеге қатысты ретке келтірілген ашық әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық жүйе. Тәрбиелік жүйенің күрделі құрылымы бар және білім беру саласында білім беру мазмұнының, үдерістің, оны ұйымдастырудың әдістері мен формаларының мақсаттары арқылы сипатталатын тәрбие жұмысының жүйесін, өзара байланысты іс-шаралардың жүйесі.

ТӘРБИЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – нақты тәрбиелік нәтижеге жетуде белгілі бір қабілетті және бірізділікті жүзеге асыратын операциялардың жиынтығы.

ТОЛЕРАНТТЫҚ– сезгіштіктің олардың қайталанушы әсерлер нәтижесінің төмендеуі салдарынан фрустаторлар мен стрессорларға психологиялық тұрақтылық, төзімділік, шыдамдылық.

ФЕНОМЕН (грек тілінде-келіп көрінетін, құбылыс). психологияда санада болатын субъективтік және сезім тәжірибелері арқылы ұғынуға болатын құбылыс. Сирек әдеттегіден тыс, төтенше құбылыс.

ЭКСТРЕМАЛДЫ ТҰЛҒА(латынша) – шектен шыққан, ерекше жағдайда мінез құлық пен шебер әрекеттердің нәтижесінде сол жағдайды жеңіп шығу мүмкіндігі

ҚОСЫМШАЛАР:

ҚОСЫМША - А

«Сыбайлас жемқорлықсыз өмір»

тақырыбы бойынша студенттер арасында өткізілетін ғылыми жұмыстар сайысының өткізілу ережесі

Сайысқа қатысу үшін

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында оқитын әрбір студент сайысқа қатыса алады.

Сайысқа түсетін жұмыстарға қойылатын талаптар:

Тақырыбы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік өзекті мәселені қамтитын, сайысты ұйымдастырушылардың әзірлеген номинация талаптарына сәйкес дайындау;

3. Жұмысты сайысқа тапсырушы келесі қажетті талаптарды ескеруі керек: мәтіні қысқа, тиянақты, жүйелі болу, оригиналды өңделген; эмоционалдық қабылдауға ыңғайлы: түсі, шрифті, суреттері, графикалық элементтері, шығармашылық қабілеті, сонымен қатар, анықталмаған деректер болмауы шарт;

4. Басқа адамдардың еңбектері мен идеяларын арнаулы сілтемесіз қолдануға болмайды.

4.1 Сайысқа қатысу үшін өтініш қағазы толтырылады. Ұйымдастырушылардың әзірлеген өтініш формасы осы қосымшаның соңында келтірілген.

4.2 Сайысқа қатысушылар бірнеше номинация бойынша бірнеше жұмыс дайындап қатысуына болады. Бір материалмен бірнеше номинацияға қатысуға болмайды.

4.3 Өтініште сайысқа дайындалған жұмыстың қысқаша мазмұны, техникалық мінездемесі, автордың (авторлардың) толық аты-жөні, байланыс ақпараттары жазылуы қажет.

4.4 Сайыстық жұмыс «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» деген белгімен ұйымдастыру комитетіне тапсырылады.

4.5 Бұрын басқа сайыстардан жүлделі орындарға ие болған жұмыстар осы сайысқа жіберілмейді.

4.6 Сайысқа жіберілген материалдар иесіне қайтарылмайды және сын-пікір жазылмайды.

5. Сайыстық жұмыстарды іріктеу көрсеткіштері

Сайысқа ұсынылған жұмыстар келесідей көрсеткіштер бойынша

бағаланады:

5.1 Жаңашылдығы (автордың зерттеу нәтижелері, материалды ерекше мағыналы етіп дайындауы ескеріледі);

5.2 Жұмыстың сайыс тақырыбына сәйкестігі, өзектілігі, мақсаты, міндеттері, болжамы ғылыми тұрғыда құрастырылып, зерттеу нәтижелерімен дәлелденуі;

5.3 Тақырыптың ашылуы және тереңдігі, автордың дәйектілік үшін келтірген нақты дәлелдері ескеріледі;

5.4 Кәсіби шеберлігі, мәселені шығармашылық жағынан шеше білу қабілеті, қатысушыларға тиімді ықпал ету технологиялары мен әлеуметтік әдістері;

5.5 Жұмыстың әлеуметтік маңыздылығы, позитивтілігі мен креативтілігі;

5.6 Жұмыстың нақтылығы, автордың орындау стилінің мақсатқа лайықтылығы.

6. Сайысты қортындылау және жеңімпаздарды марапаттау

6.1 Сайыстың жеңімпаздары арнайы құрылған Сайыстық комиссияның қорытынды шешімімен анықталады.

6.2 Сайыстық комиссия жоғарғы оқу орнының оқытушыларынан тұрады.

6.3 Сайыстық комиссияның жұмысын тағайындалған төраға басқарады.

6.4 Сайыс белгіліген уақытында жүргізіліп, соңында комиссия мүшелерінің талқылауынан кейінгі белгіленген орындармен жеңімпаздар анықталады.

6.5 Сайыстық комиссияның қортынды талдауынан бірнеше 2 немесе 3 адамның ұпай саны сәйкес келсе, төрағаның қортынды шешімі бойынша (лайықты деген автордың еңбегі бойынша және жұмысты қорғауы бойынша артықшылығы протоколда көрсетіледі және жүлделі орындарды марапаттағанда ашық жарияланады) бір адамға жүлделі орын беріледі;

6.6 Комиссияның жұмысы және қорытынды шешімі бойынша хаттама толтырылады, комиссия мүшелері қолдарын қояды;

6.7 Жүлделі орындарға ие болғандар алған орындары көрсетілген Дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады;

6.8 Ең таңдаулы жұмыстар практикалық жүзеге асыруға ұсынылады.

Ережеге қосымша

ҚАТЫСУШЫНЫ ТІРКЕУ ҚАҒАЗЫ (ӨТІНІШ)

Қатысушыны тіркеу қағазы (Өтініш)

Қатысушы туралы ақпарат (авторлары):

Аты, жөні тегі;

Туған күні, айы, жылы;

Оқу орнының атауы, сынып, факультете, курс, топ;

Мекен жайы;

Байланыс телефоны;

Электрондық поштасы;
Сайфстық жұмыс туралы ақпарат;
Номинация:
Атауы:

ҚОСЫМША - Б

«Өнер – сыбайлас жемқорлыққа қарсы» қабырға газеті сайысын өткізу туралы ЕРЕЖЕСІ

Негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1 Өскелең ұрпақты құқық бұзушылыққа қарсы күресті насихаттау
- 2 Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарсы көзқарасты тәрбиелеу
3. Жастардың шығармашылық белсенділіктерін көтеру.

Байқауды ұйымдастырушылар:

ҚМПИ студенттермен тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімі.

Байқауды өткізу тәртібі

Байқау 20... жылдың « » _____ өткізіледі. Байқау жұмыстары № _____ дәрiсханада (холда) өтедi, байқауға арналған әұмыстар каб. № _____ қабылданады.

Байқауға қатысушылар:

Байқауға қатысуға әртүрлі мамандықтарда оқитын 1,2,3,4,курс студенттерi шақырылады. Қабырға газеттерiн топ болып немесе жекеленгiшен студенттер жасап қатысуына болады. Қабырға газетiндегi материалдар тақырыптан ауытқымауы қажет;

Қабырға газеттерi келесi номинациялар бойынша сайысқа түседi:

Номинациялардың тақырыптары:

1. «Сыбайлас жемқорлық елімізге төнген әлеуметтік қауіп»;
2. «Біздің елімізде жемқорлыққа жол жоқ!»
3. «Жастардың құқықтық мәдениеті».
4. «Қазақстан жастары сыбайлас жемқорлыққа қарсы»

Жұмыстарға қойылатын талаптар:

1. Қабырға газеттерi А 1 форматында түрлі-түсті бояулармен эстетикалық орындалуы тиіс.

2. Газет материалдары ретінде жемқорлыққа қарсы материалдар, сұхбаттар, мақалалар, статистикалық көрсеткіштер, фотолар, бейне суреттер, өлеңдер, әзіл-оспақтар және басқа материалдар арқылы тақырыпты ашуға болады.

3. Газетте міндетті түрде келесі ақпарат болуы тиіс:

- «номинация»,

- Қатысушының (қатысушылардың) тегі, аты, жөні, байланыс телефоны (барлығы 16 TimesNewRoman шрифтімен терілген және қабырға газетінің төменге оң жағында орналасуы тиіс);

Байқау талаптарына сай келмеген қабырға газеттері қарастырылмайды (құттықтау, ашық хаттар, карикатуралар, плакаттар және т.б.).

Байқау материалдарын бағалау көрсеткіштері:

- Байқау шарттарын сақтау;

- газеттерді көркемдік рәсімдеу;

- көркемдік, тақырыптық материалдарының сапасы (бейнелілік, материалдарды баяндаудың бірегейлігі және сауаттылығы, тақырыпқа сәйкес келуі, логикалылығы, шығармашылығы);

- бейнелеу өнерінің сапасы (көркемдік, креативтік, позитивтік, дара ерекшелік).

Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

ҚМПИ оқытушыларынан комиссия құрылады. Комиссияның жұмысын төраға басқарады. Байқау акт залында өтетін концертте байқау қорытындыларын шығарылып және жеңімпаздарды марапатталады.

Байланыс ақпараты.

Сайысты өткізу ережелері:

Сайыс 1 кезеңнен тұрады, уақыты және өтетін орны белгіленеді.

Сайысқа қатысушылар өз еңбектерін ұйымдастыру бөліміне әкеліп, тіркеуден өтеді.

Сайыс нәтижелерін қорытындылау:

1. Сайыс нәтижелерін қорытындылау үшін арнайы комиссия құрылады.

2. Комиссия мүшелері алдын ала белгіленіп, алқалар қазысы туралы ақпарат беріледі.

3. Қандай критерийлер бойынша жеңімпаздар анықталатыны туралы ақпараттарды алдын ала анықтап, олармен қатысушыларды таныстырылады.

4. Сайыстың жеңімпаздары мадақтау хатымен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Байқауды өткізу тәртібі

Байқау 20... жылдың « » _____ дәрiсханада (холда) өтеді.

ҚОСЫМША -В

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыруға арналған тәрбие сағаты бойынша конкурстың ережесі

1. Жалпы ереже

1. Ереже конкурсты өткізу тәртібі мен уақытын айқындайды.
2. Конкурстың мақсаты:
өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға арналған тәрбие жұмысын жандандыру;
жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру;
балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын тәрбиелеу.
3. Конкурстың негізгі принциптері: ашықтық, барлық қатысушыларға шартты тең қою, қаулы қабылдаудағы ұжымдылық.

2. Қатысушылар

1. Конкурсқа барлық типтегі мектептер, педагогтар, оқушылар қатыса алады.

3. Конкурстың тәртібі мен шарттары

1. Конкурс уақыты институттың (мектептің) тәрбие жоспары бойынша белгіленеді.
2. Конкурсқа қатысушы әрдайым (класс жетекші) тәрбие сағатының жоспар-конспектісін құру керек. (Төменде мысал ретінде келтірілген).
3. Тәрбие сағатының тақырыбына сәйкес слайд, диск және бейне материалдар мен фильмдерден үзінділер және т.б. дайындалуы шарт.
4. Конкурсқа түскен материалдарға пікір берілмейді және қайтарылмайды.
5. Конкурс құжаттары қазақ тілінде (орыс тілінде) қабылданады.
6. Конкурс материалдары ұйымдастыру комитетіне белгіленген уақытында тапсырылуы қажет. № кабинет, байланыс телефоны:
7. Конкурс қорытындысы « » 20 шығарылады.

4. Қорытынды

Конкурс жеңімпаздары сыйлықтармен, мақтау қағаздарымен марапатталады. Барлық сайысқа қатысушыларға қатысу сертификаты беріледі.

Кураторлық сағатының тақырыбы: Занды білу – заман талабы

Тәрбие сағатының мақсаты:

- 1) Студенттерге адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру;
- 2) Адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар – ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру;
- 3) Студенттердің саяси саналылығы мен таным белсенділігін арттыру, заңдарды талдай отырып, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге баулу;

Тәрбие сағат көрнекіліктері: Қ. Р - ның рәміздерінің суреттері, Қ. Р - ның Конституциясы, заң жинақтары, көрме, заң туралы қанатты сөздер;
Тәрбие сағаттың барысы.

Ұйымдастыру: а) Қатысушыларды үш топқа бөлу: 1 - топ «Ақиқат», 2 - топ «Заңгерлер». 3 - топ «Болашақ»

б) Әділқазылар алқасын тағайындау.

в) Конкурстың мақсаты және мазмұнымен таныстыру.

Эдвайзердің сөзі:

Құрметті студенттер мен қонақтар! Бүгінгі «Заңды білу – заман талабы» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз.

Қазір сіздердің алдарыңызда үш топқа бөлінген студент жастар алдымен:

1. Визиткалық карточкаға топтың аты, топ ұранымен таныстырады;
2. 10 сұрақтан тұратын «Тікелей сұрақтар» бойынша білімдерін жарыстырады, Сіздердің алдарыңызда өздерінің құқықтық білімдерімен сайсқа түседі. Сөзді студенттерге берейік.

I бөлім: Визиткалық карточка - топтың аты, топ ұранымен таныстыру.

II бөлім: «Тікелей сұрақ» әр топқа 10 сұрақтан беріледі. Олар оған көп ойланбастан жауап берулері қажет. «Ақиқат» тобының сұрақтары:

1. «Конституция» сөзінің аудармасы қалай? (Латынның «constitution» құрылым, өкілім);
2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің бірден – бір бастауы. (халық)
3. Республика заңдары қай кезде күшіне енеді? (Президент қол қойғаннан кейін)
4. Егемендік алғаннан кейін Қ. Р - да Конституция қанша рет қабылданды? (2 рет, 1993 ж, 1995)

5. Республикадағы жоғарғы заң шығарушы орган.(Парламент)
6. Қ. Р азаматтары еңбек етуге міндетті ме? (міндетті емес)
7. «Қасым ханның қасқа жолы» қанша тараудан тұрады? (5 тараудан)
8. Қ. Р өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырады? (демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік)
9. Қазақстан Республикасында қабылданған қандай заңдарды білесіңдер? (Бала құқығы, білім заңы, неке және отбасы туралы заң т. б.)
10. Қ. Р - ның тәуелсіздігі туралы заң қашан қабылданды? (1991 жыл, 16 желтоқсан)

«Заңгерлер» тобының сұрақтары:

1. «Құқық» дегеніміз не?
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы қанша бөлімнен және қанша баптан тұрады?
3. Қ. Р - да билікті иемденіп кетуге кімнің құқы бар?
4. Қ. Р - да ресми түрде қолданылатын тіл?
5. Қ. Р - да «Баланың құқықтары туралы» заң қай жылы күшіне енді?
6. Қ. Р - ның теңгесі қашан қолданысқа енгізілді?
7. Қ. Р әкімшілік құрылымы жағынан қандай мемлекет?
8. Қазақстан Республикасы қазіргі Конституциясы қай елдің Конституциясына ұқсас?
9. «Жеті жарғыда» бір құнның мөлшері қанша?
10. Дүние жүзіндегі тұңғыш Конституция қай елде пайда болды?

«Болашақ»тобының сұрақтары:

1. «Демократия» грек тілінен аударғанда қандай мағына білдіреді?
2. Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы қашан қабылданды?
3. Қ. Р - ның басқару нысаны қандай?
4. Халықпен мемлекет атынан билік жүргізуге кімнің құқығы бар?
5. Қ. Р. «Мемлекеттік нышандары туралы» заң қай жылы қабылданды?
6. Қ. Р - дағы «Баланың құқығы» туралы заң қанша баптан, қанша тараудан тұрады?
7. 1998 жыл қандай жыл болып аталып өтті?
8. 17 - желтоқсан қандай күн?
9. «Жеті жарғыны» қабылдаған қазақ ханы кім?
10. Балалар құқықтарының Конвенциясы қашан қабылданды?

III бөлім

«Ақиқат» тобына: Сұрақ: 36 - бап, 1 - тармақ. Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы және қасиетті міндеті - ...;

«Заңгерлер» тобына: Сұрақ: 22 - бап, 1 - тармақ. Әркімнің құқығы, бостандығы, ар – ожданы ... ;

«Болашақ» тобына: Сұрақ: 14 - бап, 1 - тармақ. Тең, алдында, мен, бәрі, заң, сот, жұрттың. Осы сұрақтар бойынша толық мағлұмат беру (1 мин. әр топқа)

IV - бөлім

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздік рәміздері»деп аталады. Әр топ парақша таңдайды, сосын таңдаулары бойынша интелективті тақтаға шыққан суреттер бойынша толық мағлұмат береді. Мысалы: Ақиқат тобына: (ту суреті); Заңгерлер тобына: (елтаңба суреті); «Болашақ» тобына: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны.

V бөлім.

«Жағдаяттық сұрақтар».

«Ақиқат» тобына: Мәдина түрік жігітіне тұрмысқа шықпақшы, бірақ ата - анасы қарсы. Себебі, олар Мәдина ҚР - ның азаматтығын жоғалтады деп қорқады және өз еліне келе алмайды деп алаңдайды. Мәдина азаматтығын жоғалтады ма, әлде?

«Заңгерлер» тобына: Ирина мен Қайрат ҚР - ның азаматтары. Бірақ олар Украинада келісім бойынша жұмыс жасайды. Олардың отбасында ұл бала дүниеге келді, балаға қай елдің азаматтығы беріледі?

«Болашақ» тобына: Қарт адам Париж қаласындағы ҚР - ның елшілігіне келіп, оған ҚР - ның азаматтығын беруді өтінді, бірақ ол кісі жасырынып жүрген, халықаралық соттың шешімімен өмір бойы темір тордың ар жағында отыруы керек қылмыскер болатын. Оған азаматтық беріле ме?

VI бөлім.

Пікір сайыс.

Берілген бейне клиптер бойынша әр топ өз ой тұжырымдарын білдіру керек.

«Ақиқат» тобына: «Жастар және қылмыс» атты қысқаша бейне фильм. Сессия кезіндегі сыбайлас жемқорлықпен емтихан тапсыру, сөйтіп институтты аяқтап аурухананың хирургия бөліміне жұмысқа келген жас қыз алдына жылдам жәрдеммен келген науқасқа дәрігерлік көмек көрсете алмайды.

«Заңгерлер» тобына бейне фильм «Сыбайлас жемқорлық және бумеранг». Жол полициясы жол тәртібін бұзған жас жігітті қылмысы үшін жазаламай оның орнына одан ақшалай сыйақы алып босатып жібереді. Арада бірнеше сағат салып, әлгі жігіт мектептен келе жатқан екі қызбаланы соғып кетеді. Олардың бірі алған ауыр жарадан қайтыс болады. Сол кішкентай қыз бала әлгі жол полициясының қызы болып шығады.

«Болашақ»тобына: Мектеп директоры мен сынып жетекшісі 6 сынып оқушысы Ануардың анасынан мектепті жөндеуге 40 мың тенге талап етеді. Бірақ ол кісінің ондай ақша тауып беретін жағыдайы жоқ. Мектеп директоры да, сынып жетекшісі де онымен есеп айырысқанша Ануардың мектептегі өмірін тозаққа

айналдырады, оның және анасының абыройына тиетін сөздерді айтып, ақшаны жылдам арада алып келуін талап етеді. Бір күні жүйкесі тозған бала өз өміріне балта шауып асылып өлуге әрекет жасап жатқанда, еден жуатын апай құтқарып қалады. Мәселені талқылау барысында бала шындықты айтп береді. Үш топ осы бейне фильмдерді қарап болған соң өз пікірлерін және осы мәселені шешудің жолдары туралы ойларын ортаға салады.

VII бөлім

«Мұны әркім білуге тиіс» рубрикасы бойынша үш топқа келесі тапсырмалар беріледі. Әрбір топ мейлінше толық оны ашулары қажет:

Тапсырмалар:

«Ақиқат» тобына: «Студенттердің құқықтары»

«Заңгерлер» тобына: «Студенттердің міндеттері»

«Болашақ» тобына: «Студенттердің жауапкершілігі»

Қорытынды: Әділ қазы алқасы әр топтың жұмыстары бойынша әрбір бөлімнен кейін қорытындысын жасайды, соңында көп ұпай жинаған топқа 1,2,3 орындар беріліп, жоғары белсенділік танытқан студенттерді марапаттайды.

ҚОСЫМША-Г
САУАЛНАМА

Құрметті респондент!

Зерттеу жұмыстарымызға қатысып, мына сауалнама сұрақтарына шын жүректен жауап беруіңізді сұраймыз. Рахмет!

1. «Құқық» түсінігіне төмендегі келтірілген ұғымдардың қайсысы толық мағлұмат береді деп ойлайсыз?

1. мінез-құлық нормасы;
2. Тәртіп;
3. Әділдік;
4. Өзінді жүзеге асыру мүмкіндігі;
5. Қорғау және қорғану;
6. Жазалау, жауапқа тарту.

2. Кейбір адамдарға құқықтық нормалар ұнамайды, бірақ оған бағынады. Қалай ойлайсыз неліктен?

1. Құқықтық норманы бұзуға болмайды;
2. Жауапқа тарылудан қорқады;
3. Барлық адамдар құқықты бұзса, қоғамда өмір сүру қауіпті болады;
4. Құқықтық нормаларды сыйлайды, мәдениетті адамдар;
5. Қоғам, адамдар сыйламай кетеді деп қауіптенеді;
6. (пікіріңізді жазыңыз) _____.

3. Қай кезде адамдар құқықтық нормаға қарсы қылықтар жасайды деп ойлайсыз?

1. құқықтық норма тұлғаның сеніміне сәйкес келмегенде;
2. құқықтық норма салт-дәстүрге, діни сенімге қарсы болса;
3. қоғамдық тәртіпті, адамның өмірін сақтауға байланысты;
4. құқықтық нормалар қандай жағдайда да сақталу қажет;
5. тәртіпті бұзғаны үшін жауапқа тартылмайтынын білген жағдайда;
6. (пікіріңізді жазыңыз) _____.

4. Конституция және құқықтық нормалар мені қорғайтынына сенімдімін:

1. қорғайды;
2. онша сенімді емеспін;
3. мүмкін кей жағдайда;
4. мүлде сенбеймін.

5. Құқықтық біліміңіз бен құқықтық мәдениетіңіздің жоғарылығын (төмендігін) сезген жағдаятта болып көрдіңіз бе:

1. ие;
2. жоқ;
3. ондай жағдай болған жоқ.

5. Адамдар не үшін, қандай мақсатпен құқықтық нормаларды білуі қажет?:

1. құқық бұзушылықтың алдын алу үшін;
2. қоғамдық ортадағы тәртіпті сақтау үшін;
3. өздерін, туыстарын қорғау үшін;
4. қоғамда еркін өмір сүру үшін, туындаған мәселені заңгерлердің көмегінсіз шешу үшін;
5. (пікіріңізді жазыңыз)_____.

6. Қалай ойлайсыз мектепте, колледждерде және жоғарғы оқу орнында жастарға құқықтарын қорғау үшін арнайы білім беру қажет пе?

1. ие;
2. нақты жауап беруге тартыншақтаймын;
3. өмірде басқаша болғандықтан, одан пайда болады деп ойламаймын
4. (пікіріңізді жазыңыз)_____.

7. Қандай жағдайда адамның құқығын шектеу қажет деп ойлайсыз?:

1. басқа адамдардың құқығын қорғау жағдайында;
2. қоғамдағы тәртіппен, әділдікті сақтау үшін;
3. сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу үшін;
4. адамның құқығын шектеуге болмайды;
5. (пікіріңізді жазыңыз)_____.

8. Қалай ойлайсыз, адамдар қылмыстық жауапқа тартылатынын біле тұра неге қылмыстық әрекеттерге барады?:

1. қылмыстық әрекеті үшін жазаға тартылмайтына сенімді;
2. қылмыстық әрекетін ешкім білмейді, білдірмей жасады деп ойлайды;
3. қиын өмірлік жағдаяттар итермелейді;
4. жылдам, еңбек етпей байып шыға келуге тырысады;
5. жақсы қорғаушы алып, жазадан босап кетеді деп сенеді;
6. (пікіріңізді жазыңыз)_____.

9. Біздің мемлекетте қылмыспен күресу жұмыстары жақсы жолға қойылған ба?

1. жақсы
2. қанағаттанарлық

3. қанағаттандырмайды
4. сыбайлас жемқорлыққа байланысты көп қылмыс ашылмайды;
5. (пікіріңізді жазыңыз)_____.

10. Еліміздің Заңын, құқықтық нормаларын бұбауға сізге не себеп болар еді?

1. Сыйлаймын, бұзбаймын, ол менің азаматтық ұстаныма қарсы;
2. заң ақиқатқа сәйкес келмейді, сонда да бұзбауға тырысамын;
3. адамдардың сенімін жоғалтып алудан қорқамын;
4. қоғамдық тәртіпті сақтау әдетім;
5. ата-анамды, мені танитын адамдардың алдында ұятқа қалғым келмейді.

ҚОСЫМША - Д.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 2 шілде № 267

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Заңның мақсаты

1. Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

2. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған.

2-бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл

адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы олардың сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

2. Осы Заңда, сондай-ақ өзге заңдарда көзделген, заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар (сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар) болып табылады.

3. Мемлекеттік міндеттер – Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен мемлекеттің, оның органдары мен мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың өкілеттігіне жатқызылған іс жүргізу міндеттері.

3-1. Мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау міндеттері – заңдармен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, заңдардың бұзылу себептері мен жағдайларын анықтау мен жою, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі біркелкі қолданылуын және нормативтік актілердің міндетті талаптарының орындалуын тексеру жөнінде жүзеге асыратын міндеттері.

4. Лауазымды адамдар – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-билік етушілік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерін атқаратын адамдар.

5. Жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар – мемлекеттің міндеттері мен мемлекеттік органдардың өкілеттігін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген қызметтерді атқаратын адамдар.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді – Қазақстан Республикасының 1999.07.23 № 454 Заңымен.

Өзгеріс 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды – Қазақстан Республикасының 2001.06.08 № 206 Заңымен.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді – Қазақстан Республикасының 2003.09.25 № 484 Заңымен.

3-бап. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық субъектілері

1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін осы Заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болады.

2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) барлық лауазымды адамдар, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттары, судьялар;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.

3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;

2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелері;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайыз болатын ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын адамдар теңестіріледі.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне лауазымды және мемлекеттік міндет атқаруға уәкілетті өзге де адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асырушы, сол сияқты оларға заңға қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды тұлғалар да жатады.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2003.09.25 № 484 Заңымен.

4-бап. Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының күллі аумағында барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Осы Заң Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

2. Жекелеген мемлекеттік міндеттерді атқару тәртібі туралы (мәслихат депутаттарының, судьялардың мәртебесі туралы, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының қызмет өткеруі туралы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың өзге де ықтимал субъектілері туралы) заңдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шектеулер мен тыйым салу көзделетін басқа да құқықтық нормалар белгіленуі мүмкін.

3. Судьялар, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапты болады.

4. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза, әкімшілік жауапкершілік пен шара тиісінше Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделеді. <*>

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2003.09.25 № 484 Заңымен.

5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес:

- 1) барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі;
- 2) мемлекеттік органдардың қызметін анық құқықтық регламенттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік аппараттың құрылымдарын, кадр жұмысын жеке және заңды тұлғалар құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу рәсімдерін жетілдіру;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық ұйымдық-

басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы;

- 5) Қазақстан Республикасының Конституциясы 39-бабының 1-тармағына сәйкеслауазымды адамдар мен мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген басқа да адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілуін тану;
- 6) Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпынакелтіру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және олардың алдын алу;
- 7) сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа қарсы күреске жәрдем жасайтыназаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 8) мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген адамдар мен соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы, аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ететін жалақы (ақшалай үлес) мен жеңілдіктер белгілеу;
- 9) осындай қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге өкілеттік берілуін болдырмау, сондай-ақ оған бақылау жасау;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды анықтау, ашу, жолын кесу және олардың алдын алу мақсатында жедел-ізвестіру қызметі мен өзге де қызметтерді жүзеге асыру, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен заңға қайшы тапқан ақша қаражаты мен өзге де мүлікті заңдастыруға жол бермеу мақсатында арнайы қаржылық бақылау шараларын қолдану;
- 11) осы Заңның 3-бабының 1,2 және 3-тармақтарында аталған адамдар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқару органдарында ақы төленетін қызметтер атқаруға тыйым салуды белгілеу негізінде жүзеге асырылады, бұған мұндай қызметті атқару заңмен белгіленген қызметтік міндеттерімен көзделген реттер қосылмайды.

ҚОСЫМША - Е

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҰМЫСЫ:

Жоба жұмысы жоғарғы оқу орнындағы студенттің кәсіби дайындығының көрсеткіші. Бұл дайындық студенттің өзіндік ғылыми зерттеу мәдениетінің қалыптасуын, (өзекті мәселені қарастыру, ғылыми теориялық мағлұматтар жинау, оны талдау, тәжірибе жүргізу, нәтижелерін өңдеу т.б.) шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамытады. Жоба жұмысы оқу барысындағы алынған білімді тереңдетуге және оны өмірлік нақты мәселелер бойынша қолдануға (менің барлық біліп, үйреніп жатқаным маған қай жерде, не үшін қажет, осы білімді қалай пайдалануыма болады?) мүмкіндік береді.

Конкурстың негізгі мақсаты: студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына дағдыландыру, қызығушылықтарын көтеру, өздігінен білімдерін толықтыру, интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру.

Конкурстың негізгі міндеттері:

- зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды студенттерді анықтау және оларға қолдау көрсету;
- студенттердің үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, өзара ғылыми қатынастарын ұйымдастыру;
- жастардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту.

II. Конкурс қатысушылары

Конкурсқа Қостанай жас ғалымдар жеке және командалық құрамда (2-3 қатысушыдан) топтан болуы мүмкін;

III. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

Конкурсты дайындау мен өткізу бойынша ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті Конкурсты өткізуге және қорытынды кезеңін дайындауға тікелей басшылықты жүзеге

Асырады. Қазылар алқасының құрамын, Конкурсты

өткізу бағдарламасын, қатысушы- командалардың тізімін бекіту жұмыстарымен айналысады.

Конкурстың қорытындысын шығарады және

жеңімпаздармен жүлдегерлерді марапаттау жолдарын анықтайды.

9. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

10. Конкурс үш кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең – факультеттік деңгейде;

2) екінші кезең – институттық деңгейде

Конкурстағы жұмыстардың ғылыми-практикалық деңгейін арнайы құрылған факультеттің, институттың комиссиясы анықтайды.

3) үшінші (қорытынды) кезең – республикалық. Екі турдан жеңімпаз болған жұмыс республикалық конкурсқа жіберіледі.

11. Жобаны қорғау кезеңі - зерттеу жұмысы қорғалады

Автордың (бірлескен авторлардың) жобаны қорғауына (баяндама жасауға) 7-10 минут уақыт беріледі.

12. Конкурсқа қатысу үшін студенттер тіркеу қағазын тапсырады. (оның үлгісі осы ақпараттардың астында келтірілген)

13. Конкурстың қорытынды кезеңінде - қазылар алқасы (комиссия мүшелері) жасалған баяндамаларды талдайды, жүлделі орындарды және номинациялар бойынша жеңімпаздарды іріктейді.

14. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

15. Апелляция қарастырылмайды.

16. Зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларды қорғауда слайдтар қолданылады. Қатысушы жұмысының электронды нұсқасын өзінде ұстауы тиіс.

Екінші күні Конкурстың жұмысы қорытындыланып, жеңімпаздар марапатталынады.

IV. Конкурсқа ұсынылатын жұмыстардың ресімделуіне қойылатын талаптар:

17. Конкурсқа 1-4 курс студенттерінің зерттеу жұмыстары секциялар бойынша қабылданады:

1 секция - Жемқорлықпен күресу жолдары;

2 секция – Құқықтық тәрбие мен тұлғалық жауапкершілік;

3 секция – Жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

18. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік бөлімдерден тұрады және олар ойлап тапқыштық негізде болуы шарт.

19. Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Жұмыстың көлемі 30-45 беттен аспауы керек

20. Беттерін нөмірлеу, сол жағы 3 см., асты-үсті 2 см. оң жағы 1,5 см. қалдыру міндетті.

21. Әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың мақсаты мен міндеттері, практикалық маңыздылығы, автордың қосқан үлесі көрсетілген ғылыми жетекшісінің пікірі болуы керек.

V. Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыстың мәтіні компьютерде WORD, 14 кегель, 1,5 жоларалық, солдан шегініс (абзац) – 1,25см терілген болуы керек.

VI. Жұмыстың құлымы:

- титул парағы;
 - мазмұны;
 - түйіндеме (аннотация)
 - жұмыстың қысқаша мазмұны (резюме) қазақ және орыс тілдерінде баяндау (жұмыстың қандай тілде жазылуына байланысты);
 - кіріспе – тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, болжамы мен практикалық маңыздылығы көрсетіледі;
 - теориялық бөлім: ғылыми әдебиеттер бойынша таңдалған тақырыпқа теориялық талдау жасау, негізгі түсініктерге анықтамалар беру;
 - эксперименттік бөлім: зерттеу орны, респонденттерге мінездеме, зерттеу кезеңдері мен зертеу әдістері және стандартталған психодиагностикалық әдістемелері,
- зерттеу жұмыстың қорытынды нәтижесі мен тұжырымдамалар;
- практикалық ұсыныстар;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;
 - қосымша.

VII. Титул парағына қойылатын талаптар:

- ЖОО атауы, факультет және кафедраның толық атаулары;
- жұмыстың тақырыбы;
- секция № көрсетіледі;
- жұмысты орындаушының (аты-жөні, мамандығы, курсы)
- жұмыстың ғылымижетекшісі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орны);
- жұмыс орындалған жыл.

VIII.Конкурсқа қатысушылар өз зерттеу жұмыстарын және шығармашылық жобаларынқорғау үшін көрнекіматериалдар, сызбалар, суреттер немесе макеттер дайындауларықажет.

IX. Жеңімпаздарды анықтаужәне марапаттау

22. Конкурс жұмыстарын бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады:

- жұмысты орындаудағы жеке белсенділік деңгейі;
- шығармашылығы;
- қойылған сұрақтарға жауаптардың толықтығы;
- тақырыптыңзерттеу тереңділігі.
- қорғаудағы, өңдеудегі оригиналды ерекшелігі.

23.Конкурсты қорытындылау барлық жұмыс қорғалып болған соң жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды әрбір секция бойынша немесе барлық секцияға

ортақ анықталады (комиссияның және ұйымдастыру комитетінің ортақ шешімі бойынша):

24. Марапаттау I, II, III дәрежелі дипломдар мен мақтау қағаздары арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша номинациялар анықталып, марапатталынады.

25. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Конкурсқа қатысуға өтінім

1.	Аты-жөні, тегі	
2.	Мамандығы	
3.	Курс	
4.	Тақырыбы	
5.	секциясы	
6.	Байланыс телефондары	
7.	E-mail	
	Ғылыми жетекшісінің аты жөні	
8.	Ғылыми дәрежесі (толық)	

ҚОСЫМША – Ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» оқу пәнінің бағдарламасы

Құрастырушылар:

- 1) Бурбаев Т.К.- философия ғ. докторы, профессор;
- 2) Болеев Т.К.- педагогика ғ. докторы, профессор;
- 3) Шакишев К.Д. – заң ғ.к., доцент;
- 4) Муксимов С.С.- доктор, ҚР мемлекеттік қызмет Агентствасының бас

инспекторы.

Пәннің мақсаты: Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын, мәдениетін, азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру.

Пәннің міндеттері:

- жемқорлық әрекеттеріне әсер ететін факторлар, жемқорлық көріністері туралы жалпы кешенді білімдер мен біліктіліктерді дамыту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
- күнделікті өмірде, білім алу, қызмет ету кезінде жемқорлық көріністерін сын тұрғысынан қабылдап, батыл күресе білу дағдысын бекіту.

Пәнді игеруге негізделген әдістемелік нұсқаулар:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнін игеру кезінде сабақты әртүрлі формада өткізуге болады: дәрістер, семинарлар, кейс-стади, дебаттар, коучинги және т.б.

Пән бойынша білімдерді игеруде міндетті:

Білуге:

- Жемқорлықтың пайда болуы, негізін, мазмұнын білу;
- Сыбайлас жемқорлық әрекеттер үшін құқықтық, моральдық жауапкершілік;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күш - заңнама;

Істей білу:

- моральдық құндылықтарды күнделікті өмірде өз мінез құлқында жүзеге асыру;
- адамгершілікті, жалпы мәдениетті, құқықтық мәдениетті жоғарылату бойынша өзіндік жұмыстар жасау;
- рухани-адамгершілік құндылықтарын жемқорлықтың алдын-алу әрекеттерінде қолдану;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіріп отыру;
- құқықтық мәдениетін байыту мақсатында өз еркімен ғылыми-практикалық әдебиеттер, интернет ресурстардан білімдерін толықтыру;
- институт, қоғамдық ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты өткізетін іс-шараларына белсенді қатысу.

Пәннің тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырыптардың және бөлімдердің атауы	Сағат көлемі			Өзіндік жұмыс
			Дәріс	Тәжіри бөлік сабақ	
1	<p>«Жемқорлық» түсінігінің әдіснамалық негіздері</p> <p>1.1 «Жемқорлық», «сыбайлас жемқорлық» түсініктері туралы.</p> <p>1.2 Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері пәні, мақсаты мен міндеттері.</p> <p>1.3 Жемқорлықтың тарихи дамуы.</p> <p>1.4 Қазіргі кездегі жемқорлықтың әлеуметтік-психологиялық зияны</p>	10	1	3	5
2	<p>Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарының жетілуі шарты негізіндегі жемқорлыққа қарсы тұру</p> <p>1 Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастары жүйесінің реформалануы, жемқорлыққа қарсы тұру мәселесіндегі басты фактор.</p> <p>2 Мемлекеттік қызмет көрсету процессін жетілдіру.</p>	10	2	3	5

	3 Мемлекеттік жоспарлауды жетілдіру 4 «Электронды үкімет» тұжырымдамасын жүзеге асыру 5сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру.				
3	Жемқорлық құлықтарының психологиялық ерекшеліктері. 3.1 Жемқорлық мінез-құлықтарының тетіктері 3.2 Жемқорлық мінез-құлықтарының тұлғалық детерминанты 3.2.1 Тұлғаны профильдендіру - өзін-өзі тұлғалық ұстаудың моделі 3.2.2 жемқорлықты факторлар ықпалына түспейтін тұлғаны тәрбиелеу ерекшеліктері	10	2	3	5
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру 4.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің элементі ретінде құқықтық және адамгершілік сана 4.2 Сыбайлас жемқорлыққа қоғамдық бақылау 4.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мағынасы 4.4 Шет елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет 4.5 Сыбайлас жемқорлыққа қарсылықтың жаңа идеология	10	3	3	5

5	<p>Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері</p> <p>1 Бастауыш мектеп жасындағы балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері</p> <p>2 Жасөспірімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері</p> <p>3 Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері</p>	10	2	5	5
6	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этникалық ерекшеліктері</p> <p>1 ҚР этникалық мәдениеттеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілік</p> <p>2 Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ҚР ұлттық қауіпсіздігінің факторы ретінде</p>	10	1	3	5
7	<p>Сыбайлас жемқорлық әрекет үшін құқықтық жауапкершілік</p> <p>1 Тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық әрекеттері</p> <p>2 Әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық әрекеттері</p> <p>3 Қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық әрекеттері</p>	10	2	5	5
8	<p>Әр түрлі сфералардағы сыбайлас жемқорлық әрекет үшін моральдық-этикалық жауапкершілік</p> <p>1 Қоғамдағы моральдық-этикалық жауапкершілік</p> <p>2 Жанұядағы моральдық-этикалық жауапкершілік</p>	10	1	3	5

	3 Еңбек ұжымдағы моральдық-этикалық жауапкершілік				
9	Діни ереже мен құндылықтар қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қағидаты ретінде Сыбайлас жемқорлық үшін әр түрлі діндердегі жауапкершілік.	10	1	2	5
	Барлығы	90	15	30	45

Әдебиет:

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық саясат: оқу құралы/ Е. Алауханов. - Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 256 б.

3. Адамгершілік мемлекеттік қызметшілердің жаңа генерациясы ретінде. / Кабыкенова Б.С., Шаханов Е.А., Джусупова Р.С./ . 2011.

4. Бюрократия, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік басқарудың тиімділігі/ В. Д. Андрианов. - М.: ВолтерсКлувер, 2009. - 248 б. - Библиогр.: 234 б.

5. Сыбайлас жемқорлық және мемлекет: себептер, салдар, реформалар: О.А.Алякринский / С. Роуз-Аккерман. ағыл. ауд. - М.: Логос, 2003. - 356 б

6. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлықтың психологиялық тетіктері//Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет №1,2015.

Қосымша әдебиет:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызмет стандарттарының жетілдіруі: Жаңа Зеландия, Австралия мен Малайзияның тәжірибесі. - London: DAI, 2006

2. Билік, сыбайлас жемқорлық пен адалдық: Ғылыми басылым.: Ағыл. ауд./ А. А. Рогоу. - М.: РАГС басылымы, 2005. – 176 б. – (Шетелдік пен отандық ойдың антологиясы)

3. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың призмасы арқылы АҚШ «ақ жағалы» қылмыскерлік: Моногр. /О. Г. Карпович, Н. А. Шулепов. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2014. - 207 б. - Библиогр.: 195 б.

4. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықпен күрестің көкейтесті проблемалары/ О. А. Абдықаримов. - Астана: ҚР Президенті

жанындағы Мем. бас. акад., 2005. – 19 б.

5. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде және оның алдын алу шаралары: Оқу құралы. /Г. С. Мауленов. - Астана: ҚР Президенті жанындағы Мем. бас. акад., 2005. – 96 б.

6. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы: оқу құралы / Б. А. Жетписбаева. - Астана: ҚР Президенті жанындағы Мем. бас. акад., 2011. – 157 б.

7. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы: Оқу құралы/Б. А. Жетписбаева. - Астана: ҚР Президенті жанындағы Мем. бас. акад., 2008. – 327 б.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. Жемқорлық мәселесінің ғылыми зерттелуі.....	5
2. Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық жолдары.....	12
2.1 Құқықтық мәдениет.....	20
2.2 Жоғарғы оқу орнындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарының жүйесі.....	25
Қорытынды.....	33
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	35
Глоссарий.....	37
Қосымшалар.....	43

ВВЕДЕНИЕ

